

Ибраимова Жібек Тұңғышбайқызы

Қазақ тілі (пунктуация)

(Оқу-әдістемелік құралы)

Алматы 2011

Алғы сөз

Қазақ тілі - өте бай, мағыналы, оралымды тіл, өз ішінде бірнеше саларға бөлінетін өзіндік қыры мен сыры көп күрделі тіл. Сондықтан да оның әрбір саласын өзіндік ерекшеліне сай оқыту – тіл мамандарының негізгі міндеті.

Аталған оқу құралы дайындық факультеттерінде оқитын қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған. Дайындық факультеттерінде қазақ тілін оқытудағы елеулі қиындықтардың бірі – тыңдаушылардың өздері келген мемлекеттің білім беру жүйесіндегі қабылданған графикаға байланысты әртүрлі жазуды меңгеріп келуі. Мәселен, Қытайдағы қазақ диаспорасы А.Байтұрсынұлы негізін қалаған араб әліпбиіне негізделген төте жазуды пайдаланса, Ресей мен Моңғолияда тұратын қазақтар кириллицаны, еуропалық қазақтар латын жазуына негізделген әліпбиді қолданады. Осыған сәйкес қазақ тілінің грамматикасы да әртүрлі оқытылады. Сондықтан дайындық факультетінің оқытушыларының мақсаты оқу бағдарламаларындағы сәйкессіздіктерді анықтап, тыңдаушылардың ЖОО-ға түсудегі кедергілерді жою болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Тіл туралы заңында: «Қазақстан Республикасындағы барша азаматтардың мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық материалдық-техникалық жағдайларды жасауға, қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті,»- деп жазылған.

Оқу құралының негізгі мақсаты – тыңдаушылардың өз ойларын дұрыс жеткізуге білуге үйрету. Ол үшін қажет нәрсе - тыныс белгісі. Тыныс белгісі дұрыс қойылмаған мәтінді түсіну мүмкін емесі ақиқат. Тыңдаушылардың толық сауатты болуы дұрыс оқуға, орфографиялық және пунктуациялық дағдыға, өздерінің де басқаларының да ойларын жазбаша және ауызекі түрде дұрыс баяндап беруіне байланысты. Орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық тыңдаушылардың тіл мәдениетінің, ой-өрісінің, сөз байлығының қандай дәрежеде екенін көрсетеді. Сауаттылық – грамматиканың, орфография мен пунктуацияның ережелері мен заңдарын жете білудің нәтижесі. Сондықтан да басты міндет – ана тілінен берілетін грамматикалық білім ережелерін орфография, пунктуациялық заңдылықтарын жете меңгерту, алған теориялық білімдерін іс жүзінде дұрыс қолдана білу іскерлігі мен дағдыларын дамыту.

Оқу құралында әрбір тақырыптан кейін түрлі жаттығулар, тыңдаушылардың ой-өрісін арттыратын мәтіндер мен тапсырмалар, пікірталастық тақырыптар берілген.

ПУНКТУАЦИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Пунктуация термині латынның «punctum»- нүкте деген сөзінен алынған. Ол, ең алдымен, тілдегі алфавитке енбейтін графикалық таңбалар жиынтығы, жазу емшелерімен бірге белгілі мәтінді өз ішінде бір-бірімен айырып түсінуге мүмкіндік беретін және оны графикалық жағынан ұйымдастыратын жазу тілінің негізгі құралы болып саналады; екіншіден, тыныс белгілерін дұрыс қою жөніндегі ережелерді; үшіншіден, тыныс белгілері деген мағынаны білдіреді. Пунктуация – жазу тіліне қызмет ететін шартты таңба. Сөйлемнің, жалпы мәтінің тыныс белгілерін қою үшін үш белгіге сүйену керек. Олар:

Грамматикалық принцип	Мағыналық принцип	Интонациялық принцип
<p>Тыныс белгілерін сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктеріне сүйеніп қою принципін <i>грамматикалық</i> принцип дейміз.</p> <p>Мысалы: <i>Мұндайлардың алды осы Жидебайға, Абайдың шешесінің үйіне де, келіп жеткен (М.Әуезов).</i></p> <p>Егер осы сөйлемдегі үтірлер қойылмаса, бір ғана мекен екі түрлі зат сияқты болып көрінер еді.</p>	<p>Сөйлемнің және сөйлем құрамындағы сөздердің мағынасын ашып, ерекшелік тұру тыныс белгілерінің <i>мағына айқындаушы</i> қызметі болып табылады. <i>Содан соң қырмандағыларды тегіс жинап (балаларды да қосып)жиналыс өткізеді (С.Мұратбеков).</i></p> <p>Осы сөйлемдегі жақша ішіндегі сөздердің сөйлемнің грамматикалық құрылысына қатысы жоқ, сөйлемдегі ойға, автордың мақсатына қажеті бар, қыстырмалық мәндегі сөздер. Ол мақсат жақша арқылы көрініп тұр. Егер жақша емес, үтір қойылса, мағыналық рең басқа болумен бірге, жақша ішіндегі қыстырманың құрылымын да өзгертуді қажет етер еді.</p>	<p>Белгілі сөйлемдерді, сөзді, тұтас мәтінді оқығанда дауыс ырғағының құбылуы, тыныс белгілерінің қосымша, көмекші қызметі <i>интонациялық принцип</i> деп аталады.</p> <p><i>Енді Жігіттектің бұрыл шалы Келден үнсіз дағдарыста қалған топқа бір-ақ қана байлау айтты:</i></p> <p><i>- Жә, жігіттер, сөз бен істі таныдық қой. Мағаш шырақ, барды көрді ғой көзің? Көрді! Тек осыны түгел Абайға жеткіз.....</i></p> <p>Осы шағын ғана мәтінде дауыс ырғағының неше түрлі құбылысы байқалады.</p>

Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері

Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері: нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүкте (...). Бұлар – даралаушы қызмет атқарады. Сонымен қатар сөйлем соңында тыныс белгілерінің қабаттасып келетіні де болады. Олар: сұрау және леп белгісі, сұрау белгісі мен көп нүкте, леп белгісі мен көп нүкте.

Нүкте

<p>1. Нүкте тиянақталған ойды білдіретін хабарлы сөйлемдерден кейін және лепсіз айтылған бұйрық, тілек мәнді сөйлемдерден кейін қойылады. Хабарлы сөйлемдер құрылысына қарай толымды, толымсыз, атаулы, жай, құрмалас болып келе береді.</p>	<p><i>Көкек айы. Мал төлдеп, құс ұялаған кез. Әмірқан, Дәулетжан үшеуміз Керуенкөлге құс атуға бардық (Ж.Аймауытов).</i></p>
<p>2. Әрі қарай кең түрде баяндауды ескертетін сөйлемдерден кейін қос нүкте қойылмай, нүкте қойылады. Бұл баяндаудың өзі бірнеше сөйлемдерден құралады, көбінесе, жаңа жолдан басталып жазылады.</p>	<p><i>Мен іркіліп қалдым. Оның себебі төмендегі еді. Адамқұлды мен бірінші рет ... көтерілістің алғашқы күндерінде көрдім. О кезде таныса қоюға уақыт болған жоқ...</i> <i>(«Адамқұл дегеніміз осы» дегенге дейін бір бетке созылды)(С.Мұқанов).</i></p>
<p>3. Цифр немесе әріптер арқылы санамаланып айтылған сөйлемдерден кейін нүкте, нүктелі үтір, кейде үтір қойылады. Санамаланып айтылған бірыңғай сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүкте қойылса, әрқайсысы бас әріптен басталып жазылады.</p>	<p><i>Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ химиялық қасиеті болады:</i></p> <p><i>1) Олардың концентрациялы ерітіндісі жануарлар мен өсімдіктер тканін бұзады.</i></p> <p><i>2) Сілтілер майларды сабынға айналдырады.</i></p> <p><i>3) Сілтілер ерітінділерінде лакмустың және фенолфталеиннің түсі өзгереді («Химия» оқулығынан).</i></p> <p>Санамаланып айтылған бірыңғай құрылымдардың (конструкциялардың) арасына нүктелі үтір (немесе үтір) қойылса, олардың әрқайсысы кіші әріптен басталып жазылады.</p>
<p>4. Қыстырма сөйлемді алу үшін</p>	<p><i>Ендеше, егер рұқсат етсе,</i></p>

<p>ашылған жақшаның алдындағы сөйлем аяқталып, оған тиісті тыныс белгісінің бірі қойылған болса, қыстырма сөйлемнен кейін жақшаның ішінен нүкте қойылады.</p>	<p><i>сонда түсейік. Бүгін ас ішетін жеріміз де жоқ. Жататын қуыс болса болады.(Итбайдың бұлай деуіне себеп - қызын көрейін дегендік еді.)</i></p>
<p>5. Драмалық шығармаларда әр сөйлеуші кейіпкердің атынан кейін нүкте қойылады. Кейіпкердің атынан кейін ремарка келсе, ол кіші әріппен жақша ішіне алынады да, нүкте жабылған жақшадан кейін қойылады.</p>	<p><i>Амангелді (атып тұрып). Кешігіп қалыпсыз, мырза!(Ғ.Мүсірепов)</i></p>
<p>6. Дәйексөздің, келтірілген мысалдың қайдан екенін, иесін көрсететін сөздер жақшаға алынады. Егер ашылған жақшаның алдында ешқандай тыныс белгісі болмаса, жақша жабылған жерге нүкте қойылады.</p> <p>Егер ашылған жақшаның нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі не көп нүкте тұрса, нүкте жақшаның ішіне қойылуы мүмкін.</p>	<p><i>Қансонарда бүркітші шығады аңға (Абай).</i></p> <p><i>Егер жау берілмесе, оны құртар болар! (М.Горький.) Бұлақты таудан арна ақса, Теңіз болар аяғы. (Жамбыл).</i></p>
<p>7. Бас әріптен немесе басқы буыннан шартты түрде қысқартылып алынған адам, кітап, газет, журнал, шығарма, т.б. аттарының сол қысқартылған әрпінен не буынынан соң нүкте қойылады:</p>	<p><i>С.Мұқанов, А.Құнанбаев, Шығ.</i></p>
<p>8. Драмалық шығармалардағы жақшаға алынатын ремаркалардың тыныс белгілерінің орналасу тәртібі мынадай:</p> <p>а) ремарка кейіпкердің атынан кейін қатар келгенде, нүкте жақшаның сыртына қойылады.</p> <p>ә) ремарка кейіпкердің сөзінің ішінде екі сөйлемнің арасында немесе кейіпкер сөзінің аяғында келсе, нүкте жақшаның ішіне қойылады; жақшаның алдынан сөйлемге тиісті тыныс белгісі</p>	<p><i>Баян (аз ойланып). Үш түрлі шарт қойсам, орындармысың?</i></p> <p><i>Амангелді. Миша! (Жайнаққа.) Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап әкетеді.)</i></p>

қойылады.	
<p>9. Тағысын тағы, тағы сондайлар, тағы басқа деген сөздер қысқартылып қолданылғанда, олардан кейін нүкте қойылады.</p> <p>Бұлардан басқа қысқартылып нүкте қойылатын сөздер:</p>	<p><i>т.б., т.с., т.т.</i></p> <p>ж. - жыл; ғ. – ғасыр; сек. – секунд, мин. - минут; сағ. – сағат</p>
<p>Ескерту: Мынадай қысқартуларға нүкте қойылмайды:</p> <p>1) Бас әріптерден және буындардан қысқарған сөздердің әріптерінің немесе буындарының арасына</p> <p>2) Ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқаларының қысқартылып қолданылатын шартты белгілерінен кейін</p> <p>3) Цифрдан немесе оның орнына алынған әріптен кейін жарты жақша (айшық) қойылса, одан кейін нүкте қойылмайды.</p>	<p><i>ҚазҰУ, мемтерминком</i></p> <p><i>км, м, см, га, а(ампер), С(Цельсий)</i></p>

1 –жаттығу. *Нүктенің қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Қонақ үйде, дөңгелек үстел үстінде қызғылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жанып тұр. Оқтын-оқтын іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам кейде ұйтқып, шалқи түсіп, кейде лапылдап, жалпылдай жанады. Қырын отырған әкесінің үлкен, кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінеді.

Түсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр. Зор даусында ыза мен зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтелдер айтылып кетеді (М.Ә.).

2 -жаттығу. *Жай сөйлемдерді түріне қарай ажыратып, нүкте қойыңыздар.*

Түн аспан бұлт жұлдыздар көрінбейді поезд жақындады станцияның басы олай-былай жүгірген адамдарға толған поезд келіп тоқтады поездан адамдар түсе бастады айқайлар, дауыстар естіле бастады электр жарығында поездан бір қыз түсті басында бір жақ құлағына қисайта киген қызыл берет жүктерін жерге қойып тұрды қайтадан жүріп электр шамының астына келді енді бетін анық көруге болады.

3-жаттығу. *Нүкте қойылмаған жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің аражігін тауып, нүкте қойыңыздар. Келесі сөйлемдерді бас әріптен жазыңыздар.*

Күз аспаны бұлтсыз, ашық, тіпті көктемдегідей көгілдір, таза күн қала сыртында көкжиекке еңкейіп, алыс тау сілемдерінен әрі асып бара жатқанды, көшелерді көлеңке жайлап, қызуы аз қызғылт шұғыла биік теректердің ұшар басында ғана қалған

Ол менің оң қанатымда екі-үш адым алда келеді кеуделі, иықты, толық кісі мол денесін ауыр қозғап, сәл теңселе басады бетін маған бұрғанда аздап ырғалғандай болады үстінде кең пішілген көнетоз сұр костюм, ақ жағада көкжолық галстук, әнтек қысқалау мойыны қырынан қараған адамға анық байқала бермейді жалаңбас жарқыраған кең маңдайы жалтыр төбесімен тұтасып кеткен шала тұткен түбіттей көк мамық шаш селдірлеу, бірақ екі самайда екі уыс боп бұйралана қопсып, ұйлыға үрпиіп, көбейіп көрінеді.

(З.Қ.)

4-жаттығу. *Драмалық шығармалардағы нүктенің қолданысына назар аударып, мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар.*

Мұрат. Жақсарғанда қандай. Өмір деген өзің жақсы десең – жақсы, жаман десең – жаман. Бәрі де сенімге байланысты.

Дариға(сәл ойланып). Қандай бақытты адамсың?!

Мұрат (таңырқап). Неге?

Дариға. Бәрін де көріп, біліп жүріп, жақсылыққа деген сенімді жоғалтпау – бақыт емей не?

Мұрат (күліп). Жоғалтпау үшін, алдымен ол болу керек. Қазір жұрттың көбі әуелде жоқ затын жоғалттым деп, ақталуға құмар. Сосын ... бәріне де «қатыгез өмір» кінәлі болып шыға келеді. Сенімін де жоғалтқан – сол, жақсы қасиеттерін де тонаған – сол. Ал өзі түкке де кінәлі емес (Тағы да күледі).

5-жаттығу. *Драмалық шығармалардағы нүктенің қолданысын негізге ала отырып, тиісті тыныс белгісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар.*

Мінсіз (Банудың ісіне үңіліп) ботам-ау, қып-қызыл ала қып құрттың ғой бұл бишараны?..

Асан кімді, мама?

Мінсіз Қайдан білейін, мына бір дәптердің беті қып-қызыл ала Банужан қызыл бояқпен сызып-сызып, «екі» деп қойды

Бану (басын көтеріп) екі деген жаман ба, әже? Санның алды бір мен екі емес пе? бір ең алдыңғы, екі онан кейінгі деген сөз (Асан жымылып отыр)

Мінсіз ботам-ай, мені түк түсінбес түлей дейсіңдер-ау... менің де өз әлімше сауатым бар тіпті сауатты былай қойғанда, аздың аты аз, көптің аты көп емес пе?! аз қайдан жақсы болушы еді...

Бану (күліп) жеңілдім, әже, жеңілдім (әжесін құшақтап тұрып) (М.М.)

Тапсырма:

1. Қыстырма сөйлемге байланысты нүктенің қолданылуына мысалдар жазыңыздар.

2. Санамаланған сөйлемдерді пайдалана отырып мәжіліс хаттамасын жазыңыздар.

Мәтінмен жұмыс

Ұлы ақын А.Құнанбаевтың қарасөзін оқып, мазмұнын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

Он жетінші сөз

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті.

Қайрат айтыпты: Ей, ғылым, өзің білесің ғой, дүниеде еш нәрсе менсіз кәметке жетпейтұғынын; әуел өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай үйрену керек, ол менің ісім, құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абиыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәпсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады? – депті.

Ақыл айтыпты: Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын –мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?– депті.

Онан соң жүрек айтыпты:

Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын –мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратын –мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын –мен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кететұғын–мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?– депті.

Сонда ғылым бұ үшеуінің сөзін тыңдап болып айтыпты:

- Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман,– депті.

- Ей, ақыл! Сенің айтқандарың бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріне де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да айла да –

бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені сен; екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті.

- Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім,–депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді; Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.

Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табаның топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол.

Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым.

Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.

Сұрау белгісі

Сұрау белгісі сұраулы сөйлемдерден кейін қойылады.

1. <i>Кім? Не ? Қандай? Қашан? т.б.</i> сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін.	
2. <i>Ма, ме, ба, бе, па, пе, ша, ше</i> сұраулық демеуліктері арқылы жасалған сөйлемдерден кейін.	
3. <i>Шығар, болар, қайтеді</i> сөздерінің баяндауыш құрамында келуі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін.	
4. Баяндауыш құрамында <i>ғой, -ау</i> демеулік шылаулары мен <i>ә</i> одағайы келген жағдайда сұрау белгісі қойылады.	
5. Мағынасына қарай сұрау интонациясы арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін.	
6. Автор мәселенің талас я күдікті екендігін көрсетіп, оқушы назарын аударғысы келгенде, немесе бір пікірге келісе алмайтындығын білдіргенде, дәйек-сөздің ішінде белгілі бір сөзден не сөйлемнен кейін жақша ішіне алып не сұрау белгісін, не леп белгісін, не екеуін қатар қояды, кейде бір белгінің өзін екі-үш қайталап	<i>Поэмадағы кейбір олақ құрылған сөз тізбектері мен әсерсіз шумақтарды да айтпай кетуге болмайды: Еңбек – кеме, матрос - мен кемеде Оны сүймек сыбаға пешенеме(?!) (Қ.Шаңғытбаев «Ақын және өмір шындығы»)</i>

қояды. Бұл, көбінесе, сын-библиографиялық шығармаларда кездеседі.	
---	--

Сұрақ белгісі қойылмайтын жағдайлар:

1. Құрмаласқан жай сөйлемдердің алғашқылары сұраулы сөйлем болса, олардан кейін де, сөйлемнің ең соңына да сұрау белгісі қойылмайды, тұтас сөйлемнің типіне қарай не нүкте, не леп белгісі қойылады	<i>Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қапты (М.Әуезов).</i>
2. Сөйлем ішінде <i>ма (ме,ба,бе,па,пе)</i> және соған жалғас <i>деп (деген)</i> сөздерімен келген сұрау мағыналы тіркестерден (күрделі пысықтауыштан) кейін сұрау белгісі қойылмайды, сөйлемнің соңына тұтас сол сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады.	<i>Абай Оспанды мерт бола ма деп қорықты.</i>
3. Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері бар сөлемдескенде айтылатын сөйлемдерден кейін сұрау белгісі қойылмай, леп белгісі қойылады. Олар тікелей жауап қайтаруды тілемейді, сол сияқты сөздермен қайыра сөлемдесуді ғана қажет етеді	<i>- Есенсіз бе! - деді Асқар Айбалаға кеп, кім екенін танымай. (С.Мұқанов)</i>

1-жаттығу. *Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын анықта.*

а) Қарағым, Қамқа, бүгін күн жұма ғой осы? – деді.

Оспан мен Смағұлды жалындырып алды да, екі үйректі қанжығасынан шешіп беріп жатып:

- Жаман енеңді... қос қара! Ертеңді-кеш суды лайлағанша, тым құрыса, бүлдірген терсеңдерші! – деді.
- Бүлдірген ?
- Қай бүлдірген?

- Бүлдірген қайда?
- Ей, ағатай, айтшы! – деп, Оспан мен Смағұл тағы жалынды.
- Япырай, мына баланың өзіме соғуын қарай гөр. Сен бұл әңгімені естіген екенсің-ау, ә ? – деп, үй ішіне жағалай қарады.
- Сенбісің, шырағым? Қасымдамысың?
- Бұл кім болды екен, ә ? – деп әкем елең ете қалды.(Б.М.)

ә) **Көп нүктенің орнына тиісті сұрау мәнді сөздерді қойып көшіріп жазыңдар**

Өзің ...баласың? – деді әкем бір кезде апайға алыстан мал қарағандай, қолын көлегейлеп қарап

- Сапабаектің жолдасымын ғой.
- ...дейді, ойбай! Сапабек дейсің бе?
- Иә.
- Мына өзіміздің жаман жырық Жақанның...?
- Иә.
- ...? – деді әкем тағы бір ауруының шетін шығарып.
- Мен ...Мен... – деді абыржыған ақ адам. – Ғафу өтінем, дұрыс айтпадым... Мен испан тайпасынанмын.
- ...?
- Иә, иә, Испания!
- Аяғыңа ...размер киесің? – дедім өз сөзіме өзім онша мән бермеген болып.
- Отыз алты...
- ...? (Т.Ә.)

Қажетті сөздер: Көйлектен, нешінші, не қай, ба, көксау, Испан.

2- жаттығу. Тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.

Асылгүл, – деді ол.

- Асылгүл – деп мен қайта сұрадым.
- Соғыстан қайтқандардың бәрі Германиядан келеді, иә, қыздар – деп қызыл шырайлы қыз достарына қарай бұрылды.(Ә.Н.)
- Ербол Сіз соғыста ер болдыңыз ба
- Жалғыз екенсіз ғой
- Жоқ, қарындасым бар
- Енді табасыз ғой
- Табамын.
- Келесіз ғой
- Келемін.

3-жаттығу. Сұрақ белгісінің қойылу себебін түсіндіріңіздер.

Абайдың ендігі жеткізген сәлемі осы. Тәкежан бұны тыңдап бола сала, ойында отырған ең мазасыз бір сөзінің жөнін сұрады.

- Осы сөзді Жігітектің сол ауылдары сойлеп отыр ма? Жоқ, әлде, басына бәле бұлты оралып жүрмесе, бойына ас батпайтын Базаралы құтыртып отыр ма?

- Базаралы болса қайтуші еді! Ет бауыр туыс онікі! Жер болса, тағы онікі. Есесін жоқтаса да бәле іздеген бола ма?

- Есесі кетіп жүр ме екен? Жерін алсам, жемін бермеуші ме ем?

- Ол есе ме еді? Теңдікпен беріп отыр ма едің жерін? Тартып алатынсың да, тамағына болымсыз бірдеме тыққан болатынсың. Жылдағы жайың кімге жасырын еді?

Жүрек дерті өлімге бастай ма анық?

Адасам ба өмірден жастай қалып?

Ет жүрегім кете ме тасқа айналып?

Неге айтпайсың, тұрғанша босқа ойланып?

Қорку ма, қуаныш па келер маған?

Арман ба жүректі өртеп жалындаған?

Әлде ол үйреншікті мұң мен шер ме?

Баяғы тұманды ой ма арылмаған ?

4-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерде сұрақ белгісі қойыла ма, қойылмай ма ?Қойылу-қойылмау себебін түсіндіріңіздер.

а) Бір ойдан Абай өзіме бірдеме айтпақ па екен деп те ойлады. Сол бала ажарын жақтырмағаннан ба, болмаса Оспан мінезіне таң қалды ма, әйтеуір, Абай осының алдында жаңа ғана саятшылыққа жас баладай тамашалап, қызыққан қалпынан тез суынды. (М.Ә.) Адам қашанда өзінің ерік-жігерінің әміршісі, ар-ожданының құлы болу керек емес пе . (Н.К.) Абай тамақ іше алмайды. Сондықтан ба, болмаса күн көзіне шықпай көп күндер отырып қалғаннан ба, қазір қара сұр реңнен ақ сұр түске ауысқан. Халқыңа басшы болар талап соңына түссең, офицер боп жүріп жетесің бе, инженер болып, адвокат оқуын оқып жетесің бе, бәрібір! Бұл не сонда Адалдық па, әділдік пе Шыншылдық па, сыншылдық па Көріп тұрсыңдар ма, бар аумағы бір уыс жылы қуыс, өзі маған туыс қуыс.(З.Қ.)

ә) Мен шыдап тұрайын ба, ызаға булығып, әпкеммен жұлқыса кеттім. Бұл елден кетерін сезген қыздың қимас көңілінен шыққан жас па, әлде ағайынның ықыласына деген ризашылық жасы ма, ол жағын аңғара алған жоқ едім...(Б.М.) Емдеуге бола ма, жоқ, болмай ма, маған ашығын айтыңызшы. (Т.Ә.) Дастархан үстіндегі мезгілсіз тыныштықты қуалауға ұйғарды ма әлде көңілсіздікті сезіп, соны сейілтуді үшін бе, Нұрғайша орнынан лып етіп тұрып, үстелдің үстіндегі радиоқабылдағышты бұрап қалып еді, қазақтың ән-би ансамблі қарақалпақтың «Бибігүлін» нақышына келтіре шырқап ала жөнелді.

Қалам ба деп қайғырмаймын көмусіз,

Кетем бе деп қапаланам өмірсіз.


Күрсініп көкірегім, жылайды ішім,

өсем бе, өшемін бе құдай білсін.(М.М.)

Жұмсақ төсекте кесілген сүйектер бұралып, майысып кетеді деп қорқа ма, әлде басқа бір себебі бар ма кім білсін.(Н.К.) Бұл жатырқауы ма, жасқануы

ма, жабырқауы ма? Осының өзі өңім бе, түсім бе Қайда Қалай жүреміз Менің не керегім бар Не дейді Рас па, өтірік пе Шыны ма, ойыны ма (З.Қ)

5-жаттығу. Берілген сөйлемдерді сұрау мағыналы етіп өзгертіңіздер.



Абай бабамыздың төмендегі қарасөзінен қандай ой түйер едіңіз? Баяндап беріңіз.

Он тоғызыншы сөз

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады.

Мұндай сөзді есіткенде жайқақтап, шалғырттанып не салбырап, салғырттанып естісе, не есіткен жерін қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына келсе, естіп-естпей не керек?

Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады

Леп белгісі

Леп белгісі қойылатын орындар:

<p>1. Қандай, неткен есімдіктері сұрау мәнің білдірмей, таңдану, қуаныш мағынасын білдіріп тұрса, сөйлемнің соңынан леп белгісі қойылады.</p>	<p><i>Әрі ақылды, әрі сұлу болып, құс падишасы атанудың өзі қандай! Неткен сұлу, сүйкімді құстар еді! (Ы.Кененбаев)</i></p>
<p>2. Гажап, тамаша, керемет сияқты сөздерге де ерекше таңдану мағынасын сыйғызып айтқанда дауыс көтеріңкі шығады. Мұндай жағдайда да леп белгісі қойылады.</p>	<p><i>Қарап отырсаң, құмырсқалар тіршілігінің өзі – адам ақылына сыймайтындай гажап бір керемет нәрсе! (Ы. Кененбаев).</i></p>
<p>3. Одағай сөздерден кейін және құрамында одағай сөздері бар сөйлемдердің соңына да леп белгісі қойылады.</p>	<p><i>Қазақстан! Пай,пай, пай! Ардағым-ай! Сен менің Шолпанымсың жанған ұдай, Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт, Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!</i> <i>(М.Мақатаев.)</i></p>
<p>4. Қаратпа сөзден және көтеріңкі дауыспен айтылған қаратпа сөзді сөйлемдерден кейін де леп белгісі қойылады.</p>	<p><i>Апырмай, Туған жер-ай! Теңдесер кім, Бұл жерге сен болмасаң келмес едім. (М.Мақатаев).</i></p>
<p>5. Тілек, өтініш сарынындағы бұйрықты сөйлемдерден соң да леп белгісі қойылады.</p>	<p><i>- Айғанша ана, пана бола көріңіз! (Ғ.Мүсірепов)</i></p>
<p>6. Зілді, қатаң бұйрық мағынасындағы сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады.</p>	<p><i>Сол арада Ербол, Абылғазы, Дәркембайдың үндері саналы ызамен екіленіп, бірлесе шықты:</i> <i>- Құлат мына үйлерді! Жық! Домалат! Ал жұлып баспанасын! - десті. (М.Әуезов).</i></p>
<p>7. Алғыс, рақмет, бата, тілекті сөйлемдерден соң леп белгісін қою қажет.</p>	<p><i>Есік жақтағы Иіс кемпірден бастап барлық қартаң әйелдер:</i> <i>- Айналайын,келінжан, өркенің өссін!</i></p>

	- Осы әніңмен, осы сәніңмен өт жалғаннан! –десті(М.Әуезов.)
8. Сәлемдескенде айтылатын, ішінде сұраулық шылауы бар тіркестерден кейін леп белгісі қойылады.	Армысыз, ардақты ата! (Ғ.Мүсірепов).

1-жаттығу. *Туісті тыныс белгісін қойыңыз.*

- Әй, кәпір, содан қосылған жау болды-ау Баланы алып, бізді баққан екен-ау - деп, ақ көк атты тепкілей берді. Артына қорқақтай қарап, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді.

- Мас көзіңді, мас, –деп, әзірейілдей төніп келе жатқан бірдеме. Атын да, кісісін де болжай алмады. Енді не де болса жанды қармайын деп, тақымындағы шоқпарына жабысты. Соны суыра беріп: «Әй, анау да көк желкеден ұрады-ау»деп, жасқаншақтап келе жатыр еді.

- Жаным-ау, айрандай аптап, күбідей күптеп болды ғой. Енді кім қалды Күзектегі Тақыртұмадан сонау жайлаудағы Байқошқарға шейін отыз көш жерде ылғи соның көктемі, күздеуі, қыстауы мен жайлауы! Қоныс-қонысының арасында, тіпті, түйенің қолтығы терлеп көшетін жырағы жоқ қой – деді.

Соңғы рет Ақбаспен көріскелі келгенде, қарт адвокат Абайға ақыл айтты:

- Сен жас болсаң да ақылды адамсың. Халқыңа жаның ашиды екен...Оның зор қасиет. Бірақ сол елің мен өзіңнің қамыңды шын ойласаң, білім жарығына ұмтыл Оқу ізде – деді.

- Өттең, Абай аға, қадіріңді білер халқың аз, қайтейін Көзім жаңа жетті ғой «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» деп өсиет айтушы ең. Қысыр кеңесің емес, хан қақ жарғандай, хан қазынадай асылың, шының, шын иманың екен ғой Садағаң кетейін жақсы жан, әз аға – деп жіберді.

2-жаттығу. *Өлең жолдарын нақышына келтіре оқып, леп белгісінің қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

- Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі!

Балам өлсе, бақыттың керегі не?!

Топан су басып кетсін қалғандарын.

Перзент сұрап несіне армандадың ?!

Құрысын онсыз сенің жанған бағың!

Мылтықты әкел!

Атты ертте!

Жалған бәрі!

Қасиет!..

О, қасірет!

Осындай ма ең?!

Сорымның қалыңдығы шашымдай ма ең!..

Қасиет!..

Ей, тастар! Кейде биік, кейде төмен,
Ей, сайлар! Кейде тайыз, кейде терең.
Ей, таулар! Қүдіретің болсам егер,
Жоныңнан осып тұрып сөйлетер ем!

Япыр-ай!
Неткен көктем!
Көктем!
Көктем!
Дүние-ау,
Сен осылай көкпеңбек пе ең?!

3-жаттығу. 1. Леп белгісінің қойылу себебін түсіндіріңіз. 2. Лепті сөйлемнің жасалу жолдарын анықтаңыз.

а) Арамың сол – Бөжей маған қақпан құрғанын қойсын! Біреудің сыртын бетке ұстап жүріп, маған арнап оқ атқанын қойсын! Енді осыдан қоймайтын болса, ағаш оғын аямасын, тегіс атсын! Бірақ қашан айттың демесін! Ендігі керді тап өзі көреді. Өз басы көреді! Ал Керей, Уақтың малын бересің! Бергіземін! Ертең үстіңе сияз құрамын. Бұл – бір. Екінші, Бөкенші сөзінен аулақ кетсін. Тартсын аяғын. Тарт аяғыңды! Ара ағайын сен емессің. Саған сынатын сөзім емес. Бәле іздемесең, кіріспе! Кіріссең, алысқалы әдейі кірісті деп білемін. Бар, айт осынымды!.. Тегіс жеткіз Бөжей мен Байдалыға! – деді.

ә) Бөжей оны қатты серпіп жіберіп, тоқтатып:

- Атпа, тарт былай! Аруақ бары рас болса, бұдан келген керді көремін! – деді. Бұл кезде Құнанбай айғай салып, бұйрық беріп:

- Алып шық шеттерінен! Сүйретіп шық індерінен! Қол-аяғын байлап алып шық, өңшең тоңмойын құлдың! – деп, Майбасар бастаған барлық Ырғызбайды қораға қарай жаяу қапталты.

Топ ортасында көп ауызбен сенер-сенбестей қайталап, соншалық мұңдық бір сөздер айтылады.

- Жеті ат!

- Қайта әпермек!

- Есемізді әпермек!

- Егіннің шығынын төлетпек!

- Былтырғы егін, биылғы егін!

- Биылғы егін!

- Орайын әпермек!

- Дегені болсын!

- Айтқаны шын болса, жолы болсын! – дескен жапыр-жұпыр сөздер естілді.

Әйелдер жағы алдымен қалыңдықтың отауына бас сұғады.

- Бақытты бол, бағың ашылсын!

- Әр күнің бүгінгідей ашық болсын!

- Басыңнан жақсылық кетпесін!
Босағаң берік болсын!

- Үйің қуанышқа толсын! (Б.М.)

О, құдіретті жер –ана! Алғаш рет тәй-тәй, қаз-қаз басқанда-ақ май табаныма тіреу боп, жылу берген сен емес пе ең! Сенің мейірімі мол төсіңе шығып тұрып төңірегімді танымап па едім! Айналайын, асыл далам, сенің қатты құшағыңда, киіктің лағындай ойнақтап, емін-еркін өспеп пе едім! Сені әр перзентің мендей сүйсе, қадірлесе, қастерлесе, туған жер!..(Ө.Қ.)

4-жаттығу. *Сұрақ белгісі не леп белгісі тиістісін қойыңыздар.*

- Айта берсең, арман көп. Осы сары аурудан не таптың? – деп, біраз қабағын шытып, Түсіпке түйіліп отырып: – Дәрменсізде арман көп. Бірақ арман азық боп па еді? Айла таппас болғанда, айттың не, айтпадың не! – деді. Ол Қызылшоқының шеткі қонысында отырған Жексен аулына келді де, Жексен мен Жетпісті шақырып:

- Елді тастап, бас сауғалап, қайда барасың, түге? Тапжылма! Көшпе! Не көрсең, бірге көресің! Жықпа жаппанды! – деді. Жексен қарсыласа алмады. Жалғыз-ақ қиялап:

- Жандарым-ау не білгендерің бар? – дей беріп еді.

- Онан да қазір екеуің де атыңа мін! Ер бізге! Анау Сүйіндік, Сүгірге барып сөз байлаймыз! – деді

- Ендігінің жүгі сенде қалар, балам! Жолың болсын!.. Жалғыз-ақ өзгені берсе де, әкеңнің қаттылығын бермесін! – деп, бетін сипады.

Шын ба? Шын айтты ма? Жоқ, әлде, Байсалдың қаттылық, аямастық мінезі балаға ауыр тимесін деп, жаны ашығаннан айтты ма? Бөжей не мәнмен мұндай жақсы бата берді! Ойда жоқтан, оп-оңайдан, осындай таудай үлкен сый бола ма? Мырзалық па? Жоқ, әлде, Абайды аз білсе де, тез танығаны ма? Үлкендер көреген, танығыш, сыншы ғой! Шынымен-ақ танып айтқаны ма?.. Олай болса, Абай жаман кісі емес, жақсы кісі болмақ қой!..

- Неменеге мәз боп тұрсыңдар! – деп тағы да зекірді нағашым.

- Аманбысың, Момыш! – деп Аққұл өзінің құдасына сәлем берді.

- Өзің де саумысың, Аққұл! – деп жадырады әкем.(Б.М)

Бұлттан шығып, күміс күн!

Нұр шашпайсың сен неге?

Меңіреу, мылқау қара түн!

Сыр ашпайсың сен неге?

Мәтінмен жұмыс

Абайдың қарасөзін түсіне оқи отырып « Мақтаншақтық дұрыс па?» тақырыбында ой толғаңыздар.

Жиырма бірінші сөз

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін.

Үлкендік – адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады.

Екінші, мақтаншақ деген біреуі: «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрнешік не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады.

Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам.

Екіншісі, өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес.

Үшіншісі, өз үйіне келіп айтпаса, яки аулына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы ләкин өзі адам емес. Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді.

Көп нүкте

Көп нүкте аяқталмай, айтылмай қалған, іште кеткен ойды тұспалдайды. Көп нүктенің қойылатын орындары:

<p>Сөйлеуші белгілі бір себептермен (қатты асып-сасу, ентігу, тұтығу, әлсіреу т.б.) сөздерін, ойын бөліп-бөліп айтқанда, бір сөздің ішіндегі әріптердің арасына немесе сөйлем ішіндегі сөздердің арасына, ал ойы бітпей қалғанда, сөйлемнің соңына көп нүкте қойылады.</p>	<p><i>Құдайберді есікке көзімен нұсқап: - Адам бола ма?! Болар ма!.. Інілерің міне... Кім боларын...Не көрерін қайдан...білейін,-деді (М.Әуезов.)</i></p>
<p>2. Көп нүкте алынған цитаттың бас жағынан, ара-арасынан және соңынан сөйлем не сөздер қалдырылған жерге қойылады.</p>	
<p>3. Жазушы айтып келе жатқан оқиғаның жалғасын созбай, әрі қарай тоқтатады да, көп нүкте қояды.</p>	<p><i>Абайдың ілгері созып келе жатқан оң қолы жібек шымылдыққа тиген кезде, алдынан қарсы қозғалып келе жатқан Тоғжанның ыстық саусақтары мұның бетіне тиіп еді.</i></p>

	<i>Дірілдеген демдері қосылып, ыстық еріндері енді айрылмастай табысқан-ды... (М.Әуезов).</i>
4. Айтылып келе жатқан ойға кенет, тосын, күтпеген немесе өте алшақ жатқан нәрсе (оқиға, зат, қимыл т.т.) қосылып кетсе, оның алдынан көп нүкте қойылады.	<i>XIX ғасырда қазақтың жалпы халықтық тілін негіз еткен үлгілерге Абай, Ыбырайдан бастап, қазақ әдебиеті уәкілдерінің мұралары, ауыз әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз, оқулықтар, жазылған көпшілік кітапшалар және... христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет жатады(Р.Сыздықова).</i>
5. Айтуға, естуге қолайсыз, тұрпайы сөздердің орнына жазуда көп нүкте қойылады да, мағынасы контекст арқылы ұғынылады.	<i>- Қарашы, сөзін қарашы ... қаскөйдің, жоқ қылайын сен итті!- деп Әзімбай тап берді (М.Әуезов).</i>
6. Тарихи, ғылыми деректердің қолжазбаларда уақыт әсерімен өшіп, жойылып кетуі де кездеседі. Оларды жариялағанда, сілтеме жасағанда осындай көрінбеген, түсініксіз болып тұрған жердің орнына көп нүкте қояды.	<i>Соғыстық. Күлтегін Баиғыз боз атқа мініп шапты. Баиғыз боз Екеуін өзі құртты. («Күлтегін»жырынан).</i>

1-жаттығу. *Көп нүктенің қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Аттан түсе бере бұлар тас басына тегіс аңырап, қарап тұрған жиынды көріп, өздері де солай қадалды. Бір кезде шекпеннің етегі қанаттай боп шалқи шашылып, құлап келе жатқан дене көрінді. Жиренше атты байлай сала топқа қарай жүгіргенде, Абай көзін басып отыра кетті...Бітті, өлді...

Себепсіз жымия күліп, осы топты Абай көше ортасында аңырап, тосып қалды. Бірақ топ ішінен мұны байқап, елеген бір жан да жоқ. Аяқтары шыны қарды шақыр-шұқыр басып жақындап қалды. Абай енді байқады. Бар топтың ентелеп қамағаны – үлкен ақ сақалды, келісті қарт екен... Өзі де күліп, топты да күлдіріп келе жатқан сол.

Бір тосын, ғажап нәрсе – шалды екі жағынан қолтықтасып келеді. Шал өзі басын тік ұстап, ілгері басып келе жатқаны болмаса, ешқандай бет

бұрмайды. Сөйлегенде де ешкімге қарамай, тура бет алдына қарай сөйлеп келеді...

Абай мынадай өзгеше шалды бірталай аңырап, қайран қап тұрып зорға аңғарды. Қарт соқыр екен...

2-жаттығу. *Туісті тыныс белгісін қойыңыз.*

а) Топтың мұны байқамағаны, тіпті, жақсы болды Қасынан өте бергенде Абай да қосылып, ере жүрді. Осы көше бойында жалғыз Абай емес, қақпа алдында отырған, қарсы келе жатқан кісінің бәрі де шал тобына қызығып, ілесе келеді

... Бір уақытта табақшылардың әбігері қайтадан қыза жөнелді Бос табақтар бөлме-бөлмеден сумаң-сумаң шығып, тағы да ас үйге қарай тайпия қалқып кетіп жатыр Сол бос табақтардың ең соңғылары Құнанбай бөлмесінен шығып бола берген кезде, ас үй жақтан тағы-тағы қайқайма табақ палау қаптады

Палау Палаудан соң үзім суы, одан әрі шай Әйтеуір, ел жататын уақыттан асып, қалың ұйқының бір мөлшеріне барғанша төрт бөлме дамыл алмай, болдым демей жеп, жұтып, ішіп жатты.

- Рахымды оқуға берші! Бұны да адам етші – деп, соңғы арыздасу сөзін осымен тамам етті.

ә) Әлі есімде Әкемнің кенже інісі мені оң алақанына тік тұрғызып алып, алты қанат үйдің ортасында арлы-берлі жүріп алды Өзі киізге жайғасып алып, ұзақ уақыт әуестікпен әурелеп еді. «Ал кәне, балапаным, қанаттанып қашан ұшасың » деп қояды. Мен қиыңдап жылай бастағанымда: «дуана келіп қалады» деп қорқытқан Содан бастап көкемнің көзіне түспеуге тырысатынымын (Б.Момышұлы)

- Тарихта қалуда ешқандай мән жоқ, – деді Роберт бөтелкеге әлдеқалай үрейлене қарап. – Өйткені тарихта ең қажетсіз заттар дәріптеледі Кенет: – Құндыз – деді ол бас-аяғы белгісіз.(Т.Ә.)

Әлдекімнің үні естілді анау шеткі бөлмеден,


Үні естілді, демек тірі демек тірі Өлмеген...

Әкемнің қарашаңырағын,

Сатты екем неге өкінем (М.М.)

Отыз бірінші декабрь Отыз бірінші декабрь Иә, осы күн болатын түске таман Ептеп оң жағыма қарай көз тастадым Өне бір әйел келе жатыр Жүрегім дүрс-дүрс соғады Сол ма Сол ма (Ә.Н.)

Төмендегі диаграмманы мысалдар арқылы толықтырыңыз.



Мәтінмен жұмыс

Қарасөздің негізгі көтерген тақырыбын анықтаңыз.

Отыз бірінші сөз

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар:
 әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек;
 екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану (үлгі) керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;
 үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек;
 төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек
 ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

Сөйлем соңына қабаттасып қойылатын тыныс белгілері

Тыныс белгілері кейде қабаттаса қолданылады. Атап айтқанда, сұрау және леп белгісі, сұрау белгісі және көп нүкте, леп белгісі және көп нүкте.

<p>1. Адам бір мезгілде ерекше қуанады, шаттанады, таңданады немесе екі ұдай ойда болады. Мұндай</p>	<p><i>Ілініп тұр тауларға, Дамылдап тірлік қалған ба?! Селк етіп секем алып қарадың-</i></p>
--	--

<p>күйді білдіретін сөйлемнен кейін сұрау және леп белгісі қатар қойылады. Егер сұрақ сарыны басым болса, сұрау белгісі бұрын, көңіл күй ауаны басым болса, леп белгісі бұрын тұрады.</p>	<p>ау, <i>Қай таудың киігі едің, қарағым-ау! ?</i> (М.Мақатаев.)</p>
<p>2.Ой аяқталмай, үзіліп қалған жағдайда оның бірінші бөлігі сұрау мағыналы болса, алдымен сұрау белгісі, одан кейін көп нүкте қатар қойылады.</p>	<p>- Ауа райын көрдің бе?..</p>
<p>3.Көңіл күйін білдіретін сөйлемдердегі ой аяқталмай, кілт үзілсе, тыныс белгілері қатар қойылады.</p>	<p><i>Жер!.. Шіркін, Жер-Ананың қадірін кім біледі!.. (З.Шашкин).</i></p>
<p>4.Ойдың аяқталмай қалғандығын білдіретін сөйлемдерде үтір, тырнақша, сызықша көп нүктеден кейін қойылады (... ..) және .. -).</p>	<p><i>Жырдың негізгі мазмұны соңғы кезеңде алғашқы ырымдық қасиетінен ажырап, «Елгезек бол,ерінбе; Ілгері бас, шегінбе..» сияқты ақылгөй тілектермен байланысты. (Қ.Исламжанұлы.)</i></p>
<p>5. Тырнақша мен нүкте, үтір, сұрау, леп белгілері және көп нүкте қабаттаса келгенде, олар былайша орналасады:</p> <p>а) егер леп, сұрау белгілері және көп нүкте тырнақшаға алынған сөйлемге ғана қатысты болса, олар тырнақшадан бұрын қойылады, ал үтір мен нүкте тырнақшадан соң қойылады.</p> <p>ә) тырнақшаға алынуға тиісті құрылым тұтас сөйлем емес, оның ішіндегі жеке сөздер не сөз тізбектері болса, сөйлем соңына қойылатын леп, сұрау белгілері мен көп нүкте қатар келген тырнақшаның сыртынан қойылады.</p> <p>б) сөйлем тырнақша жабылған жерден бітіп тұрса, леп, сұрау белгілері мен көп нүкте</p>	<p><i>«Өзім алып шығайын», - деп ойлады Бүркітбай.</i> <i>«Өзім алып шықсам қайтеді?» - деп ойлады Бүркітбай.</i> <i>«Ешкім де емес, өзім алып шығам!» - деді Бүркітбай.</i></p> <p><i>- Әй, қайтып келесің бе «бала»? – деп қалжыңдай айғайлады ол жолдасына. О, шіркін, осы ән зой «құлақтан кіріп бойды алар»!</i></p> <p><i>«Олай болса, - деп ойлады Асқар,-мына көш не?» 1914 жылдан бергі нөмірлерін Асқар тез-тез</i></p>

тырнақшаның іш жағынан қойылғанда, тырнақшаның сыртына басқа тыныс белгісі (сызықшадан бөтен) қойылмайды.	<i>жүгіртіп қарап шықты: «Екі жылда Франция қырық миллиард шығын ұстаған...» (С.Мұқанов).</i>
6. Нүкте, леп, сұрау белгілері және көп нүкте жақша ішінде алынған текске қатысты болса, жақшаның ішінен қойылады. Жақшаның сыртына жалпы сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады.	<i>Байқауымша, әңгіме былай: Біріншіден (рас қой мұным?), Орыс үйі көрмей тыным, Қонақ күткен, сөз қылып ұдай...</i>

1-жаттығу. *Тиісті тыныс белгісін қойып көшіріп жазыңыздар.*

Жаңағы Алшынбай жеткізген сөзге ол да қайран қалды. Ішінен Қандай ұза, қандай күйіктен туған сөз Және неткен ер деп ойлады.

- Майыр, піскен бас, қызғанудан бұрын әуелі Бөжей, Байсалдан параны соқты ғой Сол ғой оның өктеп отырғаны, құлқынын танымаймысың деді Майбасар.

«Шөжеге ұқсадым-ау Шындап ұқсай алар ма екем деп, ішінен қызғана құмартқан жай бар-ды.

- Ой, тәңірі алғыр Бұл кім өзі деп, ашумен сырт айнала беріп, Абайды көрді де:

- Өй, Абай, сенбісің Ай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң етті!.. Бұл қарбаласта не бар еді саған деді.

- Осыған тоқтасты ма

- О не қылған бала Өзінен туған бала ма – деп, Майбасар, Жақып қайталап сұрасып еді...

- Тәйірі, айттым ғой!.. Өз баласы!.. Асырауға алады!.. – деп, Қаратай асығып қайта кетті.

- Қайда, қайда бұл шығар жол!? Осындай ұлы толқын тамаққа жұмарланған дерттей бунай ма? Жүрекке тас тығылғандай тыныс тарылта ма?..

Кім біледі, бұлардың ішінде бүгіліп жатқан сыр жоқ па?! Түйіліп жатқан қазіргі нәсілге белгісіз ғажайып бөлек күш жоқ па?! Осы таулардың ішінде қалғып тұрған қазына жолын кім біледі... Осы ақ адыр сары дала бір шақта құт даласы боларлық ұйытқы мен қор жатпағанына кім кепіл?..

Әрине, ол заман адамына бұл тұтас тұрған жұмбақ қой! Ол адам көп ойланбаса, жүрегінің түбіне терең бойламаса, Абайды түсіну оңай бола ма?.. Соқтықпалы соқпақсыз заманда өскен мендей жанды жақын тану, жан тарту арзанға түсе ме?!.. Әлсіз қолда жансыз жалғыз ғана шырақ ұстаған ем. Мендей ізденушіні қабылдаушы оңай ұғып біле қояр ма!..

- ... Ей сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма!.. Жүрегімді көрші міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша ғазап

шеккендей не жазық, не айыбым бар? Көп көргенің шер кеуденің әлсіреген тынысы ма?! – деп біраз отырып барып, тағы да бір ауық уланған оймен оянғандай болады.(М.Ә.)

- Ойбай, не дейді?! Түн ішінде ме?..

- Тай-құлындай бірге өскен Сейсен өліп жатқанда жаннан қорқып жүрейін бе? Сейсенге қылмаған қызметті әлдеқашан сүйегі қурап қалған әкем Нұрымға жасаймын ба?.. (Т.Ә.)

«Япырау, – деймін ішімнен таң қалып, – неге жұрт ел ортасында өлгісі келеді? Неге өмір бойы басқа жерде ғұмыр кешіп, өлу үшін елге оралады? Неге?..»

- Қорықпа, – дедім, тағы да бір қалыпты баяу дауыспен, – бұл сенің өз қолың...

- Жоқ! – деп баж ете қалды Алма. – Жоқ, жоқ! Менікі емес... Жоқ, жоқ!.. – Алма тағы да терлеп кетті (Т.Ә.)

Жанымды тыншытпайды сезім деген,

Қалай жүр, япыр-ау, төзіп денем?!

Қаншама күндер өтті дамылдамай,

Қаншама күндер өтті көз ілмеген,

Білмеймін, не іздейді сезім менен?!

«Жүрем бе, жоқ па?!» –деп бар даусыммен айғайлап жіберуге шак қалдым. Тамылжыған тамыздың сол бір күнгі арайлап атқан алтын таңын, алаулаған аптапты Күнін қалай ұмытам мен?! Кемерінен шыға лықсып, асыптасып тынымсыз ағып жатқан адамдар-дариясына қойып кетіп сүңгімегелі қашан!? Көне грек ақынының біздің ата-бабаларымыз жайында жазуының өзі зор мақтаныш емес пе?! (Н.К.)

Адам өз басына түскеннің бәріне көнуге де тиіс, оны көтеруге міндетті. Өйтпесе оның несі адам?! (Ә.Н.)

Мәтінмен жұмыс

Ұлы ғұламаның сөз еткен мәселесін бүгінгі өмірмен байланыстыра сөз етіңіз.

Отыз екінші сөз

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек. Оларды білмей, іздегенмен табылмас.

Әуел – білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесіне де керек болар еді деп іздемеске керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең һәм әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил (тыныштық, рахатшылық) болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем

екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі, асырап алған шешенің мейірімі секілді болады. Адам көңілі шын мейірленсе, білім – ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хасудшілікті (күндеу, күндеушілікті) зорайтады, адамшылықты зорайтпайды. Бәлкім азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас – өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану (ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу) жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғурурлық (менмендік, ірілік), мақтаншақтық, хүсідшілік бойын жеңсе, ондай кісі адам бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші – әр хақиқатқа тырысып иждиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма! Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі - мұлахаза (ойласу, пікір алмасу), екінші – мұхафаза (сақтау, қорғау). Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде (барлық күшті жұмсау, тырысу) болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші – осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған кеселді деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар(қалайда, әйтеуір), жаным, соған бек сақ бол, әсіресе! Әуел құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың бәрінің дұшпаны ол. Ар бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын? Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!

Тест тапсырмалары (Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері бойынша)

1. Сөйлемге қандай тыныс белгісі қажет?

Тасбұлақтың сағасына жеткенде, бір тыныстап демалдық

- а) сұрау белгісі
- ә) леп белгісі
- б) нүкте
- в) көп нүкте

2. Сөйлемге қандай тыныс белгісі қажет?

Шіркін, аққу болып самған ұшар ма еді

- а) сұрау белгісі
- ә) леп белгісі
- б) нүкте
- в) көп нүкте

3. Сөйлемге қандай тыныс белгісі қажет?

Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған кісі қайдан білсін

- а) сұрау белгісі \
- ә) леп белгісі
- б) нүкте
- в) көп нүкте

4. –***Тайманов Дәурен?*** Сұраулы сөйлемнің жасалу жолын анықтаңыз:

- а) сұрау есімдігі
- ә) сұраулық шылау
- б) оқшау сөз
- в) сұрау интонациясы

5. Қате қойылған тыныс белгісін тап:

- а) Айналайын, келінжан, өркенің өссін!
- ә) Айғанша апа, пана бола көріңіз!
- б) Ендеше, үйреткен Абай шығар!
- в) Қайран, кешегі Тасбұлақ!

6. Нүктенің қойылу себебі: ***Қансонарда бүркітші шығады аңға(Абай).***

- а) хабарлы сөйлемнен кейін
- ә) әрі қарай кеңінен баяндауды ескертетін жай сөйлем
- б) санамаланып айтылған сөйлем
- в) дәйексөздің, келтірілген мысалдың қайдан екенін көрсететін сөйлем

7. Қандай тыныс белгісі қойылады?

Абай Оспанды мерт бола ма деп қорықты

- а) сұрау белгісі
- ә) леп белгісі
- б) нүкте
- в) көп нүкте

8. ***Шығар, болар, қайтеді*** сөздерінің баяндауыш құрамында келуі арқылы жасалған сөйлемдерден кейін қойылатын тыныс белгісі:

- а) сұрау белгісі

ә) леп белгісі

б) нүкте

в) көп нүкте

9. *Армысыз, ардақты ата* Қандай тыныс белгісі қойылады?

а) сұрау белгісі

ә) леп белгісі

б) нүкте

в) көп нүкте

10. *Жылама !Тый көзіңнің жасын!*

Леп белгісінің қойылу себебі:

а) Лепті сөйлем

ә) хабарлы сөйлем

б) сұраулы сөйлем

в) зілді, қатаң бұйрық мағыналы сөйлем

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері

Сөйлем құрамында кездесетін тыныс белгілері сөйлем ішіндегі кей сөздердің мағынасын, қызметін, қолдану себебін даралап, ерекшелеп көрсету қызметін атқарады. Ойдың кімге бағытталғандығын немесе автордың көзқарасын, белгілі жайтты санамалап, дәлелдеп, түсіндіре отырып жеткізу мақсатын көздейді. Оларға *үтір, сызықша, нүктелі үтір, қос нүкте, жақша, тырнақша* жатады.

Үтір

Сөйлем ішіндегі ең көп қолданылатын белгінің бірі – үтір. Ол бірыңғай мүшелердің арасына, оқшау сөздердің арасына, айқындауыш сөздер мен құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің ара жігіне қойылады. Үтірді қойғанда тыныс белгілерін қолданудың үш принципін толық есте сақтау керек. Олай болмаған жағдайда, сөйлемдегі ой айқындалмайды, тіпті түсініксіз болып, оқушысына, тыңдаушысына жетпейді.

1. Бірыңғай мүшелерге байланысты қойылатын үтір	
а) Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз келгенде, араларына үтір қойылады.	<i>Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер Абайдың өзін ендігі ақылдарының ішіне ала отырып сөйлесті (М.Әуезов).</i>
ә) Да, де, әрі, я, яки, немесе не, әлде жалғаулық шылаулары бірыңғай мүшелермен қайталанып келсе, араларына үтір қойылады.	<i>Ашық түсті бояулары да, ұсақ шебер өрнектері де үйдің ішіне қызыл, жасыл көрік беріп тұр(М.Әуезов).</i>
б) Мен, және жалғаулық шылаулары қайталанбайды, ал бірыңғай мүшелердің арасында топтастыру, жинақтау мәнін білдіру керек болғанда, үтір бірыңғай мүшелердің ең соңғысының алдынан немесе бірыңғай мүшелерді жұптастырып барып қойылады.	<i>Ақан мен Орынбай, Алма мен Күміс Жеңістің отыз жылдығын өздерінің тойлады(О.Бөкей).</i>
в) Да, де шылаулары етістіктен болған бірыңғай баяндауыштардың арасында қайталанбай келсе, шылаудан соң үтір қойылады.	<i>Базаралы үндеместен түйілді де, қатып қалды.</i>

<p>Ескерту: Да, әрі, я, яки, немесе, әлде жалғаулық шылаулары екі бірыңғай мүшенің арасында қайталанбай тұрса, үтір қойылмайды.</p>	<p><i>Тегінде, ертекші, өлеңші не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді (М.Әуезов).</i></p>
--	---

1-жаттығу. *Үтірдің қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Осыдан басқа не бір дыбыс, не қозғалыс, не бір сөзбен сыр берген жоқ. Ауыл сыртындағы көгалға апарып, қағып-соғып тазалаған кілем, тұскиіз, алаша, текемет, жаңа сырмақтар көрінеді. Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет өзінше бір келісті көрнек, жарастық бергендей. (М.Ә.)
 Өмірден де, табиғаттан да, адамдардың жүзінен де осы күнге дейін көрмей келген ізгілікті, сұлулықты, жылылықты аңғардым. (Н.К.)
 Көңілімде өкініш те, реніш те жоқ. (Т.Ә.)

Тапсырма. *Үтір қойылмайтын жағдайларға көркем әдебиеттен мысалдар жазыңыздар.*

<p align="center">2. Оқшау сөздерге байланысты қойылатын үтір</p>	
<p><i>1. Қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтір</i></p> <p>а) Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін қойылады.</p> <p>ә) Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады.</p> <p>б) Қаратпа сөз сөйлемнің соңында келсе, үтір оның алдынан қойылады.</p>	<p>- Әже, Ырысбектікіне мен де барайын ба? – Шырақтарым, жұмысты тоқтатпаңдар! (С.Мұратбеков).</p> <p>- Іше зой, айналайын, тағы ішші. – Асықпаңыз, ата, балаларыңызды әлі-ақ көресіз (С.Мұратбеков).</p> <p>- Талаптарың жақсы екен, балалар! (С.Мұратбеков.)</p>
<p><i>2. Қыстырма сөздерге байланысты қойылатын үтір</i></p> <p>Қыстырма сөздер, өздерінің аты айтып тұрғандай, айтушының сөйлемдегі ойға өзіндік пікірін білдіреді. Сондықтан олар үтірмен оқшауланып тұрады. Қыстырма сөздердегі үтірдің</p>	

<p>орны:</p> <p>а)Қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін қойылады.</p> <p>ә)Қыстырма сөз сөйлемнің ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады.</p> <p>б)Қыстырма сөз сөйлемнің соңында келсе, үтір алдынан қойылады.</p>	<p><i>Амал не, кітапты қойныма тықтым да, жатаққа келдім (Қ.Ысқақов).</i></p> <p><i>Бұл, шынында да, Нартай біле бермейтін даңалық еді (Қ.Жұмаділов).</i></p> <p><i>Аман-есен жүріп жатыр ма, әйтеуір (Қ.Жұмаділов).</i></p>
<p><i>3. Одағайға байланысты қойылатын үтір</i></p> <p>Одағайлар көбінесе сөйлем басында келеді және адамның көңіл күйі сезімдерін білдіретін болғандықтан, көтеріңкі интонациямен айтылады. Дауыс ырғағы көтеріңкі болғанда, одағайдан соң леп белгісі қойылады. Одағай көп жағдайда қаратпа сөздермен қатар келеді. Мұндай жағдайда одағай мен қаратпа сөздің арасына үтір қойылады.</p> <p>Одағай сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін, ал сөйлем ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады. Сөйлем соңында тұрған одағайдың алдында үтір қойылады.</p>	<p><i>- Әй, әже-ай, жоқты сұрайсың (Б.Майлин).</i></p> <p><i>- Ойбай, Шегендей емес шығарсың. Ол қандай үн болғаны, апыр-ау? Білем, е, білем!</i></p>

1-жаттығу. *Оқшау сөздің түрлеріне ажыратыңыздар.*

Бірақ, тегінде, меншік бар да, келісім бар ғой, ақсақал. Абай, шынында да, дәл осы кезде өзін-өзі бар сырқаттан құлантаза боп арылғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезді. Шынында, бұл мінез ырықтан шығып, құрық әкету. Жақыптың айтуынша, әке бастайтын іс бар да, бала кірісетін іс бар.

- Өттең, Абай-ай, кеше әкең болыс бол дегенде болмаймын деп, бас тартқаныңды қайтейін?! Бірақ, осындай аямастық жаулықтың орайы болар деп ойлай ма, сірә, жоқ па? деп бір тоқтады.

- Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіндегі барыңды арзан ұстайсың... Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ... Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің!– деді. Абайдың байқауынша,

бұның өз көңіліндегі көпшілік ажары мазасыз ұлыққа да, оның өрескел, қатал, қамшы жұмсағыш қол қимылына да наразы. Ағайында есіркейін деп отырған бірде-бір жан жоқ, қысқасы, тірі жүрсе де өліге тең.

2-жаттығу. *Оқшау сөздерге байланысты үтірдің қолданысын сызба арқылы көрсетіңіздер*

Сөз басында	Сөз ортасында	Сөз аяғында
-------------	---------------	-------------

- Ал ендеше, алақай! Апам ойна деді. Кел, балалар, тағы ойнайық, тағы әлгі тәттімізді тартайық! –деп Әбішке қарады.

- Базеке-ау, сіз сөйлесеніз, ақындар кезегімді алып қойды демейді. Рас, қыстың ортасына шейін ғана бұл жерлерді Тобықты жылқысы мекен етеді. Оған жақсы да жетер, жаман да жетер, бәлки! Әрине, жақсы жақсылығымен, жаман өзінің жамандығымен жету себепті, әрқайсысы өзіне тиісті орайын алар. Анығында, сол жаяу-жалпы, жоқ-жітік, қалың ел, атақсыз көптің осы күндерде Абаймен жыласуы өзгеше. Дәрменнің байқауынша, Абайдың ендігі күндері, ой-дүниесі, жүрек дерті бір үлкен сергелдең мен сенделу халінде. Бәлкім, осындай әңгімемен көңіліндегі көмескі, көлеңкелі сәттерді қуатын шығар. – Уһ! Астапыралла-ай, мұндай боранды кім көрген. – Оу, Бауыржан-ау, өзің құйма құлақ екенсің ғой, шырағым, – деп Құлжабай арқамнан қақты. Бір көрікті қыз кездесіп еді, өкінішке орай, ақылы шамалылау болып шықты. Бәлкім, біздің үйге келген жігіт әдеп сақтап тартынған шығар. Шіркін, он кісінің ортасына түссең де, оңайлықпен беріспей, күшіңе айланы астар етіп сытылып шыққанға не жетсін. Өкінішке орай, біздің арамызда да осындай өсекке елігіп, жалаға алданып, жау қиянатына бас шұлғитын, санасы жетпегендер кездеседі. Әкемнің айтуынша, ол ерте хат танып, кітап оқыпты. Шамасы, Айшалар, әпкемдер болу керек. (Б.М.) О, тәңірім, мынау жорық биі ғой! Қысқасы, қоғам илеп-илеп, бұдан өзіне керек адам жасап алды. (Т.Ә.) Мүмкін, ол ешқандай жіпті үзбеген шығар (С.Е.) Бұл әңгімені бір сендерге емес, осы өмірімнің ішінде мың адамға айтқан шығармын деймін, амал не, бұ жұрт баяғы бір бәдік қауесетті әлі қайталай беретін көрінеді. (М.М.)

3-жаттығу. *Тиісті тыныс белгісін қойыңыздар. Оқшау сөздерді түрлеріне қарай ажыратыңыздар.*

Ей өлең маған тиген еншім едің
 Бой жазайын қасыма келші менің
 Менің саған шамалы жақсылығым
 Сен де маған әрине көншімедің.

Алдама мені ақ сағым
 Арбама енді алыстан

Сірә мен байқамаспын байқамадым,
 Қайтейін айтарымды айта алмадым.

Амал қанша сен маған бағынбайсың,
Мен саған қажет емес жалынбайсың.

Мүмкін сен өтерсің де сокпақтардан,
Ұшарсың шығарсың да темір тордан

Амансың ба ақ таңым ақ періштем
Мен көркіңе қараймын мақтанышпен...
Оят мені нұрлы таң күнде келіп,
Бақытынан құр қалып қалмасын деп (Т.М.)

4-жаттығу. *Қыстырма сөздерді мағыналық түрлеріне қарай жіктеңіздер.*

Рас, мұндай қатерлі науқас адамның бойына ғана емес, ақыл-ойына да запыран зәрін құйып, аяусыз улап тастайды екен. Әрине, адамның қашанда басы аман, бауыры бүтін боп, ауырмай-сырқамай айдарынан жел есіп жүргеніне не жетсін. Бірақ ғұмырында, сірә, мұрттай ұшып ауырып көрмеген, өзін науқас қаттырақ қысып, жаны жарға таянбаған адам көп нәрсені терең түсіне де, сезіне де алмайтын шығар. Жұрттың айтуынша, профессор әдетте кеселі тым асқынып кеткен, операциядан тірі шығуы дүдәмал науқастармен ғана сыпайылық сақтап, жылы шыраймен, «жақсылап» сөйлеседі екен. Демек, мен ертеңгі операцияның өзінен емес, профессордың мені әлденеге қиғысы келмегендей-ақ іштей мүсіркеп тұрған, мейірімге толы көздерінен үрейленіп кетсем керек. Мүмкін, кімнің қорқақ, кімнің батыр екенін тек төбеден төнген өлім қаупі ғана анықтайтын шығар. Дәлірек айтсақ, адамдар бақытсыз боп қалам ба деп үрейленеді екен. Бірақ, өкінішке орай, науқасым мен ойлағандай жеңіл-желпі болып шықпады. Біздер де оның өтінішін екі еткен емеспіз, сірә. Әрине, мен қазір бүкіл жан-дүниесі, ой-сезімі, ақыл-парасаты, о бастан-ақ күн шұғыласынан жаралған, өздері де жан-жағына мейірім-шарапатын шашып жүретін, жаны нұрлы адамдар хақында айтып отырмын. Меніңше, жайшылықта, қауіп-қатер жоқ кезде шешіле қоймайтын жалғыз ғана өмір жұмбағы бар. Тегінде, сол дұрыс болар.

5-Жаттығу. *Туісті тыныс белгісін қойыңыздар.*

Меніңше темірдей төзімділік пен болаттай беріктіктің тамыры біз ойлағаннан гөрі әлдеқайда тереңде жатыр. Ұзақ түнге кірпік қақпай аузына сыймай ісіп кеткен әлсіз тілмен кітап беттерін жалап ашпай тұрып мені түсіну қиын болар сірә. Мен өзім сау-саламат жүргенде сірә бүйтіп қуанып көрген емеспін. Мүмкін әбден өмірдің зәрін тартып барып қол жеткен қуаныш жайшылық кездегіден гөрі артықтау боп көрінетін шығар. Шындап келгенде менің сенен бір ғана артықшылығым бар-ау деймін. Жалпы арғы ата-бабаларымыз кеңпейілді жомарттық қасиеттерді жақсы көрген сияқты.

- Қалқам көп кешікпей кел мен шайыңды жасап даяр етіп отырамын.(Ә.Н.)

Мәселен өз мінің мен қателігінді мойындаудан қорықпау өзгеге каталдық емес(одан онай не бар), өзіңе қаталдық көрсете білу өзіңді жазалай білу қысқасы ең алдымен өзіңді өзің жеңе білу – мұның бәрі ерлікке жатпай ма? (Т.Ә.) Жалпы алғанда көрмеген аз жылда ауыл өміріне бірталай жаңалықтар кірген.(С.М.) Бәлкі бұл ауылдың тоғыз хаттағыдай қимыжық сырларын ол жалғыз білетін шығар.(Б.Қ) Үлкендердің айтуына қарағанда әр еркешінен төрт пұттан астам май түскенге ұқсайды.(Ө.Қ.)

3. Оңашаланған айқындауышқа байланысты қойылатын үтір

Оңашаланған айқындауыш – өзінің алдында тұрған мүшені мезгіл, мекен, заттық мағына жағынан дәлелдеп, айқындап тұратын сөздер. Сол себепті олар қай мүшені айқындаса, сол мүшемен тұлғалас келетіндіктен, сондай сұраққа жауап береді. Үтір айқындауыштың екі жағынан қойылады.

Біздің ауылдың әу баста ұжымшар боп қалай құрылғанын біз, кейінгі жас ұрпақ, тек үлкендер айтқан әңгімелерден ғана білеміз (С.Мұратбеков).

1-жаттығу. *Үтірдің қойылу себебін анықтаңыздар.*

Біздер, ауыл балалары, назардан тыс қалып, қараңғыда топырласып, әр үйдің арасын жол етіп жүрміз. Біздер, большевиктер, әркімнің көңілі шат, өмірі дарқан, қуанышты болуын қалаймыз.Сіз, Ақа, жігітті үйге салып отырсыз.(Б.М) Ал біздерді, науқастарды, әрине, ол бұйрықты мүлтіксіз орындауға тиісті солдат санайды. Біздер, ойын балалары, көктем келсе-ақ Сұрымсайдан шықпай қоятынбыз. Менің ендігі арманым – сендер, жастар, еліміздің егемендігін қалай да сақтап қалу қажеттігін бүкіл жан-тәндеріңмен, алпыс екі тамырларыңмен терең сезінсеңдер екен. Сендерсіз, жауынгер жолдастарсыз, мен өмір сүре алмайтын, қазір бір найза тасқа соғылып, мылжа-мылжам шығатын сияқтандым. Сен құрдасыңа, майданшы досыңа, ризасың ба, жоқ па оны өзің білесің...

Дәл осы кезде тыста, үй сыртында, дабырлап жүрген ұсақ балалар сықылығы естіліп еді. Барлыбай жазығында жайлаудың жарық айлы, желсіз тынық түнінде, Абай мен Әйгерімнің үлкен үйінде, аса нәзік шеберлікпен сызылып созылған скрипка күйі кетті.

2-жаттығу. *Тыныс белгісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар.*

Бірақ ағасының өзімді айтам ол кезде оны аңғарарлық жайы мүлде жоқ болатын. Ішінде іліп аларлық ештеңесі жоқ сол хаттардың бәрін, сеніңше, біз Омаров екеуміз басымызды қатырып оқып отыруымыз керек пе, ah? Сен

Меңтай Ерболды иектеп алып, аузынан қаға беретінің не осы? Біз Меңтай екеуміз асыл ағаның сізді мақтай айтқан бұл сөзіне төбеміз көкке жеткендей боп қуанып қаламыз. Біз ата-ана жан жүрегімізді жарып шыққан жас қауымның жақсы болуын тілейміз. Біз әскери адамдар көлденең көзге әдемі көрінетін парадқа емес, Отан үшін өліспей беріспейтін қатал күреске әзірленеміз. 23 февраль күні күндіз түс кезінде қалың ағаш ішіндегі алаңға әрбір батальоннан топ-топ жауынгерлер келе бастады. (Ә.Н.)

3-жаттығу. «Әсіресе» сөзінің қызметін анықтаңыздар. (шылау ма, оңашаланған айқындауыш па?). Тыныс белгісін қойыңыздар.

-Сорлы кәрінің көңіліне о да болса демеу ғой!.. – деп үйдегі үлкендер *әсіресе* жеңгелер, Абайдан шын бірдемені дәметкендей. Абайдың бала күнінен сезетін бір жайы: мұндай кісілермен *әсіресе* дәл осы төрт-бес кісімен бас қосу ел ішінде басталатын бір үлкен істің, оқшау істің белгісі болатын. Құнанбайдың бұл күндерде астыртын құлақ салып қатты баққаны – Жігітек іші *әсіресе* Байдалы. –Ой, шырағым-ай, сен болмасаң, *әсіресе* мынадай қарлы күн, қараңғы түнде ішіміз пысып, жарылып кететін екенбіз ғой. *Әсіресе* байдың шалық мінез, есуастау кемпірі Анаргүл шайпау еді.(Б.М.) Ал біз *әсіресе* мен қаншама жылап-еңіресем де, өрмектің қылышын бермек түгіл, шешемнен ақысына май құйрықтан бір-екі шапалақ жеп тындым. Кейде *әсіресе* ертеңгілік табанымыздан өткен сыз шекемізден бір-ақ шығады. Балаларын *әсіресе* қыздарын қызылды-жасылды киіндіріп, өздері де бар тәуір нәрсесін иығына іліп, үйірімен үш тоғыз боп, туған-туысқандарына қонаққа бара жатқандары қандай келісті.(Ө.Қ.) Кейбіреулер *әсіресе* Ағаны жаңа көрген жасаң адамдар, көздері тоймай, оның соңына ере – ұмтыла, ұмсына түсіп барып амалсыз іркіледі.(З.Қ.) Аңшылар *әсіресе* Шоқан қараңғылыққа тұншығуға айналған шақта, шығыстан таң сібірлей бастады. (С.М.)

4. Құрмалас сөйлемдерге қойылатын үтір

а) Салалас құрмалас *да, де, та, те, әрі жалғаулықтары арқылы байланысса, жалғаулықтардан соң; бірақ, дегенмен, әйтсе де, сондықтан, өйткені, себебі жалғаулықтары арқылы байланысса, олардың алдынан; қайталанып келген әлде, кейде, бірде, біресе, не жалғаулықтары арқылы байланысса, екінші жалғаулықтың алдынан үтір қойылады.*

ә) Жалғаулықсыз ыңғайлас, себеп мәнді салалас құрмалас сөйлемдердің арасына үтір қойылады.

Тоқтар оған қоштасып қол бұлғады да, арба соңынан жүріп кетті.

Күн батып, ел орынға отыратын кез келді, бірақ бірде-бір адам тараған жоқ.

Брысбек біресе гармонын тартты, біресе мондалині мен скрипкасын ойнады.

Әлдене сыбырлагандай болып еді, бір топ елік кесе көлденең өте

<p>б)Сабақтас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдердің аражігіне де үтір қойылады.</p>	<p><i>берді(О.Бөкей). Мына сөз Нұрбекті де толқытқан болар, біразға дейін жауап қатпады(Қ.Жұмаділов).</i></p> <p><i>Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз. Шұға шын ауруға айналған соң, Есімбек жұмсайын деді (Б.Майлин).</i></p>
---	---

1-жаттығу. *Үтірдің қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Жүргіншілер ойға, жазаң жерге келіп түскенде, бағанадан бұларға көрініп, өздеріне қарай асығып, тырағайлап шауып келе жатқан аттылардың алдыңғы екеу-үшеуі үйме-жүйме қатар жетті. Омырауларын тер басқан, демігіп, танауратқан сәйгүліктерді зорға тоқтатқан ауыл кісілері күймеге соқтығак жаздап, дабырлап сәлем берісті. Ымырт жабылып, ел орынға отырып, кешкі шай ұзақ ішіліп болған соң, Мұсабайдың үйінде ән-күй өнері басталды.Абай Дәркембайдың сөзінен аса қатты ойға қалып, біресе қабақ шытып, сұрланып, біресе күрсініп, тымағын қолына алды.

2-жаттығу. *Тыныс белгісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар. Құрмалас сөйлемдерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңыздар.*

Ол бұрылғанда мен арыстан алдындағы көжектей дір-дір етіп, қайда кетерге білмей қысыламын. Мұндай мүсінді көріп-ақ жүрміз, алайда мына кісіндегі дәл осы бітімнің өзі өзгелерден оқшау, өзінше бңр бөлек даралық секілденеді. Ойшылдың қасында тұрсаң, ойсыз тұра алмайсың. Бір күні Әуезовтің лекциясынан шығып, институтіме асыға бергенімде күтпеген жерден кафедраға шақыртты. Уыз жас Ғазиза, оның басындағы қайғы-қасірет оқырманға ерекше әсер етеді де, оқырман назары осынау жас қызға ауады.(З.Қ)

Иә(я), жоқ, мә, мәңіз сөздері сөйлем ішінде үтірмен ажыратылады. Ақтағаны ма? Жоқ, жай шошығаны ма? Иә, етің ыстық, ауырған жерің бар ма? (М.Әуезов).

1-жаттығу. *Тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.*

- Немене, сен Аққұл, жыл сайын май сыйлығын алып тұрмақсың ғой? – деп қалжыңдайды Тоқмырза.

- Жоқ мен сен сияқты сараң емеспін, – деп Аққұл Садық берген қызыл жалаушаны қойнынан алды.

- Ау, әңгіменің шырқын бұзбасаңдаршы! Садық бізбен кеңесемін демеді ме. Айтарын айтып болсын да, – деп сөзге әкем араласты.

- Иә қадірлі ақсақалдар, мен сіздерден кеңес сұрамақпын...

- Иә иә, Садықжан, – деп тебіреніп кетті Аққұл.(Б.М.)

- Жоқ оны емес, басқа бір әңгімені айтайын, – дедім мен күлкімді тоқтатып.

- Жоқ соны айт, – деді Зайкүл тақымдап.

Мәтінмен жұмыс

Қарасөзде сөз етілген мәселелерді негізге ала отырып, «Адамдық негізі-адамгершілік» тақырыбында ой толғаңыздар.

Отыз жетінші сөз

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.
2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.
3. Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.
4. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстық адамды бұзады.
5. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың.
6. Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.
7. Өзің үшін еңбек қылсаң өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.
8. Сократқа у ішкізген, Ионна Аркті отқа өртеген, ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.
9. Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.
10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.
11. Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?
12. Жамандықты кім көрмейді. Үміт үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің! Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді!
13. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ я қорқақ.
14. Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ к...н ашпайтұғын, ақылы бойында қалады.
15. Егер ісім өңсін десең, ретін тап.
16. Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады. Жікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды.

17. Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.
18. Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық.
19. Тоқ тіленші – адам сайтаны, харекетсіз сопы – монтаны.
20. Жаман дос – көлеңке, басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.
21. Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.
22. Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ұстаз – тұл.
23. Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің.

5. Нүктелі үтір

Нүктелі үтір – құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдердің ара жігіне қойылатын белгі. Ол сөйлемдердің баяндауыш формаларына да байланысты болады.

Нүктелі үтір төмендегідей жағдайларда қолданылады:

а) Мағына жағынан жақын, бірін-бірі толықтырып тұратын және бірінші сөйлемдегі ойға екінші сөйлемдегі ой жалғас болып келетін, соған қарамастан, тәуелсіз, дербес мағыналы болғандықтан, жеке бөліп алып қолдануға болатын салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады.

ә) Мағыналары жақын және бір-біріне тәуелсіз, кейде басыңқылары да, бағыныңқылары да бір сөзден жасалған не тұлғалас болып келетін, байланысу тәсіліне қарай аралас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдерінің басыңқысынан кейін нүктелі үтір қойылады. Бұлардың құрамындағы жай сөйлемдер саны үштен артық болады. Мағынасына қарай екі ұғымды қатар қойып салыстыру мәнін білдіреді.

б) Өз ішінде үтірлері бар құрмалас сөйлемдердің баяндауыш

Құбылып Бурыл гүледі; Тау мен тасты өрледі; Төрт аяқты сермеді; Құлақтың түбі терледі («Қобыланды батыр»).

Тақыр жерге су төксең, тайғақ болар; Жаманға сырыңды айтсаң, тар жерде айғақ болар (Қазақ мақалдары).

Ол аз десең, ақ бүйірін солқылдата жаншып, боздап

<p>тұлғалары әртүрлі болса да, жай сөйлемдердің арасын ажырату үшін нүктелі үтір қойылады.</p> <p>в) Мағыналық тұтастығы бар болғандықтан, рет-ретімен әріптер не цифрлар арқылы санамаланып айтылатын сөйлемдерден кейін нүктелі үтір қоюға болады.</p> <p>г) Жайылмалы, әрі өз ішінде үтірлері бар бірыңғай мүшелердің арасына нүктелі үтір қойылады.</p>	<p><i>теповоз өтеді; соңында жылан құйрығындай шұбаған көмір, темір, сексеуіл тиеген төбесі ашық қызғылт вагондар. Үш-төрт көк ала қаз, үйрек жүзіп жүр екен; қаңқылдай қанаттарымен су сабалап қашып шықты (М.Сүндетов).</i></p> <p><i>Өмір шындығын қамту, адам мінезін ашу мүмкіндіктеріне қарай эпикалық жанр үш түрге бөлінеді:</i></p> <p><i>1) шағын эпикалық түр; 2) орта көлемді эпикалық түр 3) кең көлемді эпикалық түр (З.Қабдол).</i></p> <p><i>Қала деген аты ғана болмаса, Н... қаласы екі қабат үлкен үйлер көшелерінде ғана бірен-саран кездесетін; өзге үйлерінің көбі бір қабат қана қарағай үйлер болатын; шет жақтарында ағаш үйден шым үй көп кездесетін; аз ғана жаңбыр себелеп өтсе, көшелерінен адам батпақтап жүре алмайтын; бірақ етек-жеңі мол; таусымақтау жерге жалпая салынған; Сібірде көп кездесетін үлкен бір деревня еді (С.Мұқанов).</i></p>
---	--

1-жаттығу. *Нүктелі үтірдің қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

- Япырау, заман не боп барады. Әлдилеген балаң әдептен асып, арпалыса бастаса; жақсы адам бола ма деп үміттенген адамың өзіңмен жағаласса, не дерсің. Алдымен біреуі қонақтың қолдарына су құйды; екіншісі дастархан жайып жатыр; біреуі бауырсақ төксе, енді бірі торсықты әкеледі.

Сонда жаратушының жарқанатқа жаны ашып, жарлық беріпті:

Күн көкжиектен көрінбей, көз байлана бастағанда; Айдың жүзі әлі де шыға қоймаған сәтте; Жел тынып, жекен жапырағы ұйыған сәтте ұшып шығасың. (Б.М.) Ерлік дегеніміз – жан дүниенің ұлы қасиеті; ержүрек атанған халық өзін мақтаныш етуі тиіс.(Н.М.Карамзин) Бізде азамат сыны – ерлік; іздесең – табасың, алыссаң – аласың(М.Ә.) Оқудың үш түрі бар: біріншісі, оқыса да түсінбеу; екіншісі, оқу әрі түсіну; үшіншісі, оқу және тіпті жазылмағанның өзін түсіну (Я.Б.Княжнин). Сенімсіз достар – жазда ғана кездестіретін


карлығаштар; олар – күн сағаттары, олардан келер пайда күн сәуле шашып тұрғанда ғана (Т.Гиппель).

2-жаттығу. *Туісті тыныс белгісін қойыңыз.*

Ол көлдерді торғын көйлек етегіндей көлеңдетіп өзендерді бұрымдай бұраңдатты лентадай толқытты бұлақтарды шолпыдай сылдыр қақтырды: сылдыраған суымен бұрқыраған буымен бұйраланған нуымен неше алуан шуымен жан-жануарды мәз етті егін салған қырымен сыбырлаған сырымен, шырқай шыққан жырымен көңілді қуанышқа бөледі өзекте өрім талымен, өлкеде өрген малымен жамыраған төлімен көзді рақатқа кенелтті айдын толы қазымен бақтар толы назымен күлімдеген күнімен күмбірлеген үнімен кәріні жадыратып жасты жалындатты тірліктің тілеуін молайтып тілегін тасқындата түсті. Емен – берік ағаш. Оның беріктігін мынадан да білуге болады: өзге ағаштардың жапырағы күзде-ақ қурап, түсіп қалады ал еменнің жапырағы қыста да бүлк етпейді тек келесі көктемде – бұтақтарында жаңа, жас бұршіктер қылтиып бас жарғанда ғана оларға орын босатып, жерге құлайды. Өзің жақсы болсаң – айналанда досың көп жаман болсаң – жалғыз жүресің орташа болсаң – сен де бір жақсының жанын жағалайсың. Ақымақпен дос болма ол саған жақсылық жасаймын деп жүріп-ақ жамандық жасайды зеріккіш жанға жолама қанша сенгеніңмен ол сені тастап кетеді өтірікшіден аулақ бол, ол сені өсекке таңғанын өзі де сезбей қалады.

Иван Михайлович өзі де тәртіпті кісі екен, өзгеден де тәртіпті қатаң талап етті 1) жағдайды дәл ұғу 2) тез әрі дұрыс шешім қабылдау 3) штабтың іскерлігі 4) солдаттың ерлігі мен табандылығы дейтін.(Ө.Н.) Туған өлкемнің күн шығыс жақ тұсында мың бұралып көлбей аққан қыр өзені иірім-иірім аша-аша ондаған өзек көлеміне көз жеткісіз қалың қопа; нулы-сулы қамысты-құрақты айдынында аққу жүзген қаз-үйрегі ертелі-кеш қиқу салған телегей-теңіз саба көлдер алыстан жалтырайды. Қыстаудың төбесіне шығып айналаға қараған кісінің көңілін үрей жайлауы да мүмкін: алдына қарасаң – су артына қарасаң – су мінер жаққа мойын бұрсаң – су қамшылар жағына көз тастасаң – су.(Ө.Қ.) Сонда қалың ерні оқыс түріле күлімдейді одан жұмсақ толқынды тоқ бұғақтың шет нүктесін кемеріндей жұмыр сұлу иегіне нәзік шұғылалы нұр шашырайды сәл шүйіріле берген езуіне де жарығы мен жылуы солғындау жұқалаң сәуле ұялайды. (З.Қ.)

Тапсырма: *Нүктелі үтірдің қолданысын негізге ала отырып, кестені толтырыңыз.*



Мәтінмен жұмыс

«Талаптың мініп тұлпарын» тақырыбында ой толғаңыз.

Қырық төртінші сөз

Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Үш талаптың өзі де түрлі-түрлі. Үш сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен-бір өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнәшік, орынсыз ба, орынды ма «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады.

Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан «бәрекелдіні» оңды күтпейді. Маған «бәрекелді» десе, өзіммен серіктес, сырлас осылар «бәрекелді» дер дейді.

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына кәдір іздеп, сол талапта болады. Біреуі мал қуып жатыр. Сарандықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтұғын, «Малдының беті жарық» дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқынына қарағанда, бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркендіретін іс.

Осыған орай біреу қажеке атанамын, біреу батыреке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп сол харакетте жүр. Әрқайсысы қазаққа бұлдамақ та болып, басына «осыным бірсыпыра елеу азық болар» деген талаппен қылып жүр.

Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды-дағы, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, қазақтың бетінен оқып іздеген талап емес.

Оның үшін кітап сөзімен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, одан соң ғибадат қыл дейді.

Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңды қыла бер, көкіректі дым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап қайдан оқып, ұмтылған талап екенін білерсің.

Сызықша

Сызықша – сөйлемдегі белгілі сөзді, сөйлемді, сөйлем мүшесін ерекшелеп, даралап, бөліп көрсету үшін және қызметі бірдей, мағынасы ыңғайлас сөздерді жинақтап, топтап, тұжырымдап айту үшін қойылатын белгі. Сондықтан ол сөйлемнің құрылысына да, сөйлемдегі жеке сөздердің мағынасына да, дауыс ырғағына да байланысты болып келеді.

1. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша

а) Бастауыш зат есімнен немес заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан жасалуы мүмкін, бұл жағдайда да бастауыштан кейін сызықша қойылады.

Баяндауыштың алдында не артында *ғана*, *ғой* т.б. сияқты шылаулар тұрса, сызықша қойыла береді.

ә) Бастауыш I,II жақтық жекеше я көпше тұлғадағы есімдіктен, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген есімдердің біреуінен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

б) Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сын есімнен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Соңғы келген үшеудің ортасындағысы – Құнанбайдың тағы бір тоқал шешесінен туған Жақып. «Ойпырмай» - өкінуді білдіретін одағай.

Ар жазасы - бар жазадан ауыр жаза (М.Әуезов).

Қаланың қасында көз толатын табиғат – шалқар көл ғана (С.Мұқанов).

Адамды бақытты ететін – тек қана азат еңбек.

Мен – тауда ойнаған қарт марал (Махамбет).

Жақсы – ісімен жақсы.

в) Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылады.

г) Бастауыш *ол, бұл, мынау, сонау, анау* деген сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім немесе зат есім мағынасындағы басқа сөз табы болғанда, сілтеу есімдіктерінен кейін сызықша қойылады.

ғ) Бастауыш - у жұрнақты етістіктен не ол араласқан тіркестен жасалса, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен немесе - у жұрнақты етістіктен немесе керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

д) Бастауыш *-ған, -ген, -қан, -кен* жұрнақты есімшеден (не есімше аралас тіркестен) болса, баяндауыш не зат есім, не есімше, не есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

е) Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа бір мүшесімен шатасып кететін болса, одан кейін сызықша қойылады (мұндайда баяндауыш қай сөз табынан, қандай тұлғадан жасалғаны шарт емес). Айтуда бастауыштан кейін пауза болады.

ж) Бастауыш зат есім не заттанған басқа сөз табынан болып, баяндауыш болымсыздықты білдіретін *емес* сөзі тіркескен есімдердің бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

з) Бастауыш *алды (алдым, алдың), арты(артым, артың), қасым*

Үш жердегі үш – тоғыз.

Бірақ бұл – қайтқаны емес, толғанып қалып, бірнеше тәсіл тапқаны (Ғ.Мұстафин).

Аз сөзді, көп мағыналы болу – мақал-мәтелдерге тән құбылыс. Мектептің міндеті – оқушыларға жан-жақты білім беру және тәрбиелеу.

Бұған таяу отырған – Ыбырайдың Ысқағы (М.Әуезов). Менің жазып отырғаным – теңіз үстінде кездескен көріністерден, жолыққан адамдардан білгендерім (С.Мұқанов). Ән шырқаған– сол. Станцияға ең кеш келген – осы.

Отыз – алтыға қалдықсыз бөлінеді. Мен білмейтін – жер астында.

Туысым – аталасым емес, өзіммен мұңы бір, бейнеті бір жатақтар (М.Әуезов).

<p>(қасы, қасың), үсті (үстім, үстің), асты сияқты көмекші есімдердің жалаң өзінен болып, баяндауыш та есім сөзден болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.</p>	<p>Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ (Абай).</p>
<p>Ескертулер. Мынадай жағдайларда бастауыштан кейін сызықша қойылмайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Бастауыш атау тұлғадағы зат есімнен, баяндауыш жатыс септіктегі зат есімнен болғанда; 2) бастауыш зат есімнен, баяндауыш сын есімнен болғанда; 3) бастауыш зат есімнен, баяндауыш атау не жатыс тұлғадағы сан есімнен болғанда; 4) бастауыштан кейін оған жалғас сұрау есімдігі келген сөйлемдерде, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім болғанымен, сызықша қойылмайды. 5) бастауыштан кейін сызықша қойылуға тиісті сөйлемдерде баяндауышқа <i>еді, екен, болды, болады, болатын, болып табылады</i> сияқты көмекші етістіктердің бірі тіркесе; 6) бастауыштан кейін сызықша қойылуға тиісті сөйлемдерде бастауыштан кейін қыстырма сөздер тұрса. 	

1-жаттығу. *Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Арттағылар – Байтас пен жорға Жұмабай. Сөзі ақылдасу емес – байлау. Атағаны – кесіп-пішіп қойған әмір мен бұйрық. Ол – көп елдің қалың даугерлері орнайды деген сөз. Қыз-келіншек тербетіп тұрғанда, жігіттің қарызы – ән салу. Бұлар – қазір төрдің тап ортасында, жағалай көрпе үстінде, үлкен ақ жастықты шынтақтаған сал-серілер. Бұл күнге шейінгі өмір – екеуінің үлеспеген еншісіндей ортақ өмір. Бұның әніндегі ең әсерлі жаңалық – сөзі. Олар – Асан мен Үсен. Елді, жұртты қорғау – ердің ісі. Музей апа – сылқым, кербез кемпір. (Б.М.) Біреуі – Уәли молда, екіншісі – жиен ағам Самат. Қожекеңнің келген мақсаты – сәбиді алып кету. Пара алу – қылмыс. Мынау тұрған жердің асты – тұнған байлық. (Т.Ә.) Біздің қыздар – дүниедегі ең бақытты қыздар. (С.Е.) Өмірдің алды – ыстық, арты – суық, алды – ойын, артқы жағы – мұңға жуық (Абай). Ойсыз, кітап оқусыз, ақыл-ой еңбегінсіз өткен күн – босқа өткен күн (В.А.Сухомлинский). Кітап – ғасырларға сапар шеккен ақыл ескерткіші (Дэвенант). Кітап – ортақ мүлік, халық қазынасы, сарқылмас білім бұлағы (Ө.Тұрманжанов). Ғұламалық – ащы тамырдың тәтті жемісі (Катон).

2-жаттығу. *Тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.*

Я, Аллам!

Жаратушым,
Қорғаушым,
Өзің өмір, өзің қуат, қорғансың.

...Мен бір бөкен, аулаққа желіп кеттім,
Желіп кеттім, басымды ерікті еттім.

Затында жер біздікі, аты оныкі,
Шежіре біледі оның жалғандығын... (М.М.)

Қайсардың бар есінде қалғаны машинаны терең сайға қарай кілт бұрып жібергені. Бұл қағазға түсірілмей қалған қатал заң. Демек, тоған суындағы тыныштық алдамшы тыныштық. Өйткені өзіндік көзқарасы жоқ адам қоғам үшін аса қауіпті адам. Мейірімділік пен кешірімділік олар үшін түсініксіз құбылыс. Көріп те, сағынып та келе жатқаны асқақ Алатау.(Ө.Қ.)

3-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерде сызықша қойыла ма, қойылмай ма анықтаңыз. Қойылу, қойылмау себебін түсіндіріңіз.

Біреуі алтыда, біреуі төртте. Ұрған әкесі, кінәсі домалақ торы. Бұл «Заман-ай» күйі еді. Біреуінің құлағына Торғын ие, көмекшісі Рүстем. Екіншісіне Әмір мен Сәбит қожа. Төртеуі де маңдайларын бастыра көзәйнек киген. Көбінің мінгені жорға, баран мен қылаң. Жүрістері сол жорғаның орта жүрісі. Төртеуі де уағдаласқандай дүрк еткізіп жылқыны қуа жөнелді. Тек жорғасын бұзбаған бес-алтауы қалды. Біреуі айғыр, екіншісі соқыр жирен бие, үшіншісі соның құлыны жирен жабағы. Әкелі-балалы Танабай, Тұрардың отарлары бұл Құдықты ортаға ала бір-бірінен алшақтау орналасқан екі қора: екеуі де жыңғыл мен шеңгелден өрген, көне қарайып кеткен; қора бас сайын киіз үй: екеуі де бесқанат, қоңыр.

4 –жаттығу. Төмендегі жағдайларға мысалдар жазыңыздар.

- 1) Бастауыш атау тұлғадағы зат есімнен, баяндауыш жатыс септіктегі зат есім;
- 2) бастауыш зат есімнен, баяндауыш сын есім;
- 3) бастауыш зат есімнен, баяндауыш атау не жатыс тұлғадағы сан есім

2. Бірыңғай мүшелерден кейін қойылатын сызықша

Сызықша бірыңғай мүшеден кейін келіп, өзінің алдындағы мүшелердің мағынасын жинақтап, топтастырып тұрған жалпылауыш сөздің алдына қойылады.

Үлкен үйде Ұлжан, Айгыз, Ділда – үшеуі гана отыр екен (М.Әуезов).

1-жаттығу. Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңіздер.

Осы Үркімбай, Қаумен, Қараша – үшеуінің ауылдарында сияз болады. Шешелер, малшылар, балалар боп – баршасы телміре тындайтын. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Керуен көшетін сауда жолдары, үлкен базарлар, атақты қалалар, су жолдары – барлығы да бүгін айырықша керек болған.

«Қарасазым» сөйлейді қалай-дағы,
Сөйлейді тауы, тасы – бар аймағы.(М.М.)

2-Жаттығу. *Жалтылауыш сөздің тиістісін және тыныс белгісін қойыңыздар.*

Шапқылап бара жатқан баланың киім, тұрман сәні аса бір ардақты, жалғыз қыз сәніндей. Намыс, ұят, жиреніш ... у толқынданып, саналы кеудеде күз тұманындай шұбалады. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан ... жел лебінен қалтырайды.

Қарт атадай ақ бас тау, жас анадай жасыл желек жамылған орман, сары бел, салқын көл ... самаладай болып, бірінің соңынан бірі ұзап қалып барады.(Ә.Н.) Еңбегің, ақыл-парасатың, жарқын мінезің, адамгершілігің ...сайма-сай келген қазақтың бір аяулы азаматы екенсің.(Ө.Қ.)

3. Оңашаланған айқындауыш сызықшамен ажыратылатын жағдайлар

а) Оңашаланған айқындауыш өз ішінде бірыңғай болып, үтір қажет болғанда, оны бірыңғай мүшеден ажырату үшін екі жағынан сызықша қойылады.

Біраздан кейін үйге Мақсұттың тағы бір-екі жолдасы – Жұмағұл мен Ақтай – кірді (М.Әуезов).

ә) Жалғаусыз зат есімнен жасалған баяндауыш өзін айқындайтын мүшеден сызықша арқылы бөлінеді.

Бар тұлғасы Құнанбай тектес бұл жас әйел – осы үйдің келіні, Абайдың апасы – Мәкіш (М.Әуезов).

1-жаттығу. *Тиісті тыныс белгісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыздар.*

Осының ертеңінде түске таман Майбасардың екі атшабары Қамысбай Жұмағұл шапқылап кеп Жігітек ішіндегі есіктерінің ар жағына сүңгіп-сүңгіп кетті Сүйіндік бәйбішесімен және екі баласы Әділбек Асылбекпен бәрі де қонақтармен бірге болды Ол Сүйіндіктің қызы Тоғжан. Ұлжан аулының жанына іргесін тіреп аса жақын кеп қонған қаралы ауыл Тәкежан аулына келді Бір күндері сыртқа шықсам біздің Алыпсоқ омырауы аппақ тайыншадай қара төбет құм шоқының етегін қосаяқтап қазып жатыр екен (Ө.Қ.) Маң далада елсіз сусыз сар далада төбесін сырғауылмен жапқан бастырма тұр екен.

Тапсырма: Оңашаланған айқындауыштың сызықшамен ажыратылатын жағдайына көркем әдебиеттен мысалдар жазыңыздар.

4. Құрмалас сөйлемдерге байланысты қойылатын сызықша	
<p>а) Жалғаулықтары түсіріліп айтылған қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің арасына үтір мен сызықша қойылады.</p> <p>ә) Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерде іс, оқиғаның бір мезгілде, бір ыңғайда тез, шұғыл өткенін білдірсе, арасына сызықша қойылады.</p> <p>б) Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің баяндауышы <i>сонша, соншалық, сондай, сол, мынау, себебі</i> сөздерімен аяқталса, олардан кейін сызықша қойылады.</p> <p>в) Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы шартты райдан жасалып, бағыныңқы сөйлемге ерекше мән беріле айтылса, одан кейін сызықша қойылады.</p>	<p><i>Алдымызда Есімбектің үйі тұр, – Шұға көрінбейді (Б.Майлин).</i></p> <p><i>Оттың жарығына сағатын төседі – тоғыз болып қалған екен.</i></p> <p><i>Ашуланғаны сонша – өңінде ызының ұшқындары шашырап тұрды (Ғ.Мұстафин).</i></p> <p><i>Отың жанбаса – қорлық, Құсың алмаса – қорлық («Қазақтың мақал-мәтелі» жинағынан.)</i></p>

1-жаттығу. *Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Бола алсаң – ол болма, адам бол!(М.Ә) Адал ұл ер боп шықса – ел тірегі. Жауды өлтірсең – өлімнен құтылдың, өлтірмесең – өлімге тұтылдың. Адам танысаң – адал танығын. (Б.М.) Туыс келеді – ол да бірдене сұрайды. Қозғалғысы келеді, – қозғала алмайды, сөйлегісі келеді, – үні шықпайды.(Т.Ә.) Қысқа тұжырылған ойлардың жақсылығы сол – олар салауатты оқырманның өзін ойлануға мәжбүр етеді. (Л.Н.Толстой.) Ғұмыр бойы бақытты болғың келсе – адал адам бол.(Т.Фуллер). Оқуға бар ынта-жігеріңді сал – сенің бойыңа сол жарасады(В.А.Сухомлинский) . Ақылды жауап алғың келсе – ақылмен сұра(И.Гете).

Бақытым ғой Қарасаз келіп қонған,
Кисем – киім, ішсем – ас, көлік болған.(М.М.)

2-жаттығу. *Туісті тыныс белгісін қойыңыздар.Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Майданда кейбір жүрексіздер қолында қаруы бола тұрып, жаумен бетпе-бет ұшырасуға дәті шыдамай, зәресі ұшып қорқады да, өз ықтиярымен

күрестен бас тартады дұшпанына өзі барып тұтқын болады. Көбірек еңбек етсең мен білгенді сен өзің де игеріп алар едің. Қар қанша қалың жауғанымен жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас.

Мадақтаса елге даңқың жетеді,

Егер сөксе масқара, қор етеді.

Бірнеше адым артқа жүріп дауыстадым түк тіршілік жоқ. Қарды омбылап әрі барамын, бері барамын қолыма шана ілінбейді. Сонымен не керек ары жаттық, бері жаттық снаряд жарылмады. (Ә.Н.) Ат басына күн туса ауыздықпен су ішер ер басына күн туса етікпенен су кешер. Егер соқпаса дұшпандарының отына май құйғаны.(С.М.) Әкемнің сондағы айтқанын мен әлі ұмытқаным жоқ кәрі шөңгенің бір сұмдығы сол ол кірген жерді бойлата тіліп, арсита ашып барып түбірімен қопарып алып тастамаса, кәрі шөңге суырғанға келмейтін көрінеді.

5. Төл сөз бен автор сөзіне қойылатын сызықша

<p>Автор сөзі төл сөзден кейін келгенде, төл сөзден соң сызықша қойылады. Кейде автор сөзі <i>де</i> етістігінің көмегінсіз-ақ келуі мүмкін. Егер төл сөз диалог түрінде болса, әр сөйлеушінің сөзінің алдынан сызықша қойылып, сөйлем жаңа жолдан жазылады.</p>	<p>– <i>Қазақпын. Өзің де қазақсың ба? – деппін сасқанымнан, оның қазақша сөйлеп тұрғанын да ескермей.</i></p> <p>– <i>Әрине. Бұл жақта неғып жүрсіз, ойбай-ау?(Т.Ахтанов.)</i></p>
<p>Автор сөзі төл сөздің ортасында тұрса, екі жағынан сызықша қойылады.</p>	<p>– <i>Уай, мынауың болмайды, – деді, түсінемісің дегендей көзіме қадала қарап. – Ең алдымен, адамға бас керек (Ғ.Мүсірепов).</i></p>

1-жаттығу. *Сызықшаның қойылу себебіне назар аударыңыз.*

-Біріңе- бірің серіксің, ынтымақты болсаң, ел билейсің. Ынтымақсыз болсаң, неңді билейсің? Өз бәлең өзіңе жетіп, жұрт та қалар, жұмыс та қалар. Ұғысып істендер. Ал өздігіңмен ұғыспасаңдар, мына біздей, арадағы кісінің сөзін тыңдаңдар. Ол жайы сол!.. – деп, екі ұлыққа кезек қарап, екеуінің де қайтқан түрін аңғарып ап, Алшынбай: – Ал жаңағы ақырғы жұмыстарыңа келсек, мына мен осы үйге, Құнанбай мырза, саған, – деп, Құнанбай жаққа ырғала түсіп, – сол жұмыспен келіп отырмын. Бүгін кешке шейін осы жұмыс туралы пұрсат беріңдерші! Майыр, қазір сен қайта тұр. Тұрақты бір жауабын бүгін кешке мен жеткізейін. Сендер екеуің боп, осы жайды сөйлегенді әзірше қоя тұруға бармысың? Соны айтыңдаршы! Осыны мен сендерден сұрап отырмын! – деді.

Анам маған: «Үлкенді сыйла!» – деген,

Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.
 Міне қазір ақсақал атымды ұстап:
 - Қош келіпсің, балам! – деп тұрады әлі.(М.М.)

2-жаттығу. *Туісті тыныс белгісін қойып көшіріп жазыңыздар. Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Ажалға араша түсе алмаған осы бір топ ақ халатты жандарды іштей кінәлап тұрғанымда, профессор маған тесіле қарап Ертең сізге операция жасаймыз деді. Бұл маған Ендігі кезек сенікі ертең сен өлесің дегендей болып естілді. Әкем мені Жаманға жалынба адамға табынба өмір жолыңдағы өз жүгіңді көтеріп жүр біреуге салмақ салма, өз биігіңе өзің ұшып шық деп тәрбиеледі.

Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын. Жақсылық үшін тірессең, жаныңды арың қорғасын. Арынды болсын шабысың, алымды болсын табысың, найзадай болсын намысың. Ер жігітке бәрі сын. Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма, қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі тұт алға деп әкем бетін сипады.(Ә.Н.) Оған біз деп сипаттайды офицер теріскей жағынан келдік.(С.М.) Біздің елдің қариялары Игібай ұста соққан дүниелердің жұқанағы қазір де ел арасында бар деседі.(Ө.Қ.)

6. Мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін сөздердің арасына қойылатын сызықша	
Мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады.(ол - дан жалғауы мен шейін шылауының мағынасын білдіреді)	<i>Мойынты–Шу темір жолы. Институтта күніне 6–8 сағат лекция болады. Машина сағатына 30 – 45 километрден жүріп отырып, жолдың жартысына келіп қалды.</i>
Бұларды белгісіздік- жалпылық және болжалдық мағынасындағы қос сөз сан есімдермен шатастырмау керек. Олар дефис арқылы жазылады.	<i>Кермеге төрт-бес ат қатар байланыпты(мұндағы төрт-бес болжалды сан есім).</i>

1. Сөйлемді ықшамдап қолдануға байланысты қойылатын сызықша	
Сөйлемдерді ықшамдап қолдану үшін сөйлем мүшелерінің кейбіреуі түсіріліп айтылады. Бірақ одан сөйлемдегі ой да, оның көркемдігі де бұзылмай, керісінше, ықшам да ыңғайлы, қолдануға икемді болуы	<i>Шәкірттің – ұлдан, ұстаздың әкеден кемдігі бар ма? (Ж.Тұрлыбаев.)</i>

керек. Мақал -мәтелдер осы талапқа жауап береді. Ал қай мүшені түсіріп қолдану автордың сөз қолдану, ойды жеткізу тәсіліне байланысты. Ауызекі сөйлеуде түсіріліп айтылған сөздердің орнына мағыналық ерекшеліктері кідіріс жасалады да, жазғанда ол жерге сызықша қойылады.	
--	--

Бұл сөйлемде алдымен анықтауыш айтылмай, келесі баяндауышқа сыйыстырылып тұр, сол сөйлемге нақыл сөзге тән леп қосылған деуге болады.

1-жаттығу. *Тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.*

Үлкенді ізетте, кішіні күзетте. (Б.М.) Берген үндемесін, алған айтсын (М.Сервантес). Өйткені құс ұшуға, адам бақытты болуға жаралған емес пе?! Кәрілік тұсау, кедейлік бұғау болып тұрған осы бір қиын-қыстау кезеңде ауруханада жатып емделудің өзі де адамға ауыр соғады екен. Несі бар, Ақыл жастан, асыл тастан демей ме? Тойға түйеден бура, жылқыдан айғыр, қойдан қошқар сойылсын деген жарлық берді.

Мәтінмен жұмыс

Мәтінді түсіне оқи отырып, «Отан деп соқса жүрегің» тақырыбында ой қозғаңдар.

Отаншылдық

Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеуі үшін еткен еңбек пен ерліктен туалы.

Жастарымыз отаншыл болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал отаншылдық өз үйінен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе, сол адам отаншыл болады. Өйткені өз әкешесін ардақтамаған, өзгенің ата-анасын құрметтемейді. Өз аулының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Өз ұлтын жақсы көрмеген өзге ұлттарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек. Екеуі аспан мен жердей.

Намыс – азаматтың алтын туы. Әке-шешесін сыйлаған балада намыс болады. Ер жігіттің елі – ата-анасы. Отаны – өз үйі.

Елді, жерді, Отанды сүйетініңді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс

ұстайды, шаруақор, адал, әділ болып өседі. Іс деген – осы. Патриотизм осыдан басталады. (Б.Момышұлы.)

Қос нүкте

<p>а) Қос нүкте алдымен бірыңғай мүшенің алдына келген жалпылауыш және жалпылауыш мәнді сөзден кейін қойылады да, жалпылауыш сөздің мағынасын ашып көрсетіп тұрады.</p> <p>ә) Салалас құрмаластағы біріне-бірі түсінік болып келген және <i>өйткені, себебі</i> деген жалғаулықтар түсіп қалып жасалаған жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады.</p> <p>б) Төл сөздің алдынан келген автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады.</p> <p>в) Бірыңғай мүшелерден бұрын келген <i>мысалы, атап айтқанда</i> деген қыстырма сөзден кейін қос нүкте қойылады.</p>	<p><i>Абай жігіттері: Жиренше, Ербол, Базаралы, Мырзахандар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр (М.Әуезов).</i></p> <p><i>Аюлар үйде жоқ: олар орман ішіне серуенге кеткен еді.</i></p> <p><i>Салған әні жан-дүниемді балқытты: даусы аса әсем екен.</i></p> <p><i>Мені көріп қалған жерде: - Нәзира айналайын, сен біздің үйге неге келмейтін боп кеттің. Үйге жүр, – деп, үйіне ертіп әкелді (Т.Ахтанов).</i></p> <p><i>Адам баласының тамаша қасиеттері, атап айтқанда: табандылық, ерлік, қайсарлық – оның бойынан табылады.</i></p>
---	--

1-жаттығу. Тыныс белгісінің қойылу себебін түсіндіріңіздер.

Ежелден мәлім: қай ауылдың үстінде сияз болса, сол ауыл мол шығасылы болмақ. Осымен төрт-бес күн өткен шамада: «Бөжей де келіпті» деген хабар жетті. Баратын малды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды. Сол үйлердің қонақасысы: қысырдың семіз тайынан, құнан қой, ту қойлардан, үйіткен марқадан басталды. Айтпағым: өлең дегенді аса бір сүймейтін кісі сенің әкең еді. Бұл қонақтар Абайдың қазіргі уақыттағы жолдастары, жас жігіттер: Ербол, Жиренше, Асылбек және Базаралы болатын. Ол белгілер: ұшып өлген ешкі, лақ, арық тоқтының өлімтігі. Тек қана ендігі шара: түн күзетіне сақ болу еді. Құнанбай мен Байсалдардың ақылын тауысқан бір нәрсе: мал алушы жаулардың бірде-бір уақыт көзге түспейтін тығылғыштығы болатын. Құнанбай қасындағы ылғи қарт серіктері: бастығы Қаратай, жорға Жұмабай, Жақып сияқтылар. Бұны бала күнінен өз аулында, кедей ата-ана үйінде айтқанда, ешбір жан кінә қып көрген емес-ті:

жуан ауыл әнге де жуандық, зорлық етеді екен. Бағанадан Оралбайға айтқаны: оның қиналып, ойланып айтқан кеңесі емес-ті. Абай мен Ерболға аса қатты ұнап, қайран қалдырғаны : бар әнші жиылып бір-ақ әнді айтады. Қыстыгүні бұл жерлерді қалың жылқы, Оразбайлардың елу-алпыс мындай жылқылары да мекен ететіні сол: қыртысы қалың, жайылысы бетеге, көдесі, ақоты көп болғандықтан. Қала қазағының сахарадағы туыстарынан әлі өзгеріп кетпеген бір қасиеті сол: шама келгенінше өлердей қонақшыл. (М.Ә.)

2-жаттығу. *Қажет жеріне қос нүкте қойыңыздар.*

Хатшының орысша сөзі шындықтың бетін біржола ашқан, тура әңгіме болды манадан бергі айтылған сөзге қарағанда әлдеқайда әсерлі шығып, ұрыстың ең соңына сақталған құпия қарудай Әбеннің есін бірден жиғызды. (Т.Ә.) Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым(А.Македонский). Адамға шын мәнінде білімдар болуы үшін үш қасиет жан-жақты білім, ойлауға дағдыланғандық және сезім дарқандығы қажет (Н.Г.Чернышевский).

Ондай қиянатқа қолым бармады ертең операцияға түсетінімді сол себепті де айтпадым саған. Шаһзада үнгірден үшінші рет шыққанда тағы бір сұмдықты көреді бір топ адам жылап-сықтап, шаштарын жұлып, беттерін тырнап, зарлап барады екен. Бұл жағынан алып қарасақ менің ауырып қалғаным зиян емес, қайта өзіме пайдалы болды ма деп ойлаймын. Әйтеуір бұл кезе мен жанға нәр, бойға қуат беретін нұрлы сөздер тек өмірге ғашық адамдардың ғана аузынан түсетін шығар деп ойлайтынмын.

Әсіресе біздің алдымыздағы жаяу әскер жатқан жердің сау-тамтығы жоқ шұрқ-шұрқ шұңқырдан аяқ алып жүргісіз.(Ә.Н.) Рухани әлемде екі бағыт бар бірі – пенделік мүдде, екіншісі – биік парасат пен ізгілік құдіреті. Бірақ қамыс тұрған жерге біз бара алмаймыз суы терең.(Ө.Қ.)

3-жаттығу. *Өлең жолдарын нақышына келтіре оқып, тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.*

Мына дүние әділдіктен жаралған
Өз орнында жер де күн де тау орман.

Ақылымды тыңда мейлің тыңдама,
Тілегім бар бір ғана

Шығып ал да арманыңның шыңына
Сосын мейлі ұшып өл де сырғана.

Болса ақылың біл мынаны жалғанда
Жолай көрме арманы жоқ жандарға

Бәрі ұмыт бақытың да байлығың да
Күлкі шаттық күйзелткен қайғы мұң да.

... Өмірден менің күткен үмітім сол
Өлеңім, мен өлсем де, сен тірі бол!

Мәтінмен жұмыс

Қазақтың төбе биі Төле бидің төрелігінен не ұғындыңыз? Баяндаңыз.

Төле бидің төрелігі

Атақты Төле бидің бала кезі екен. Ауыл сыртында қозы бағып жүргенде, жанынан өтіп бара жатқан қос аттының бірі: «Әлібек қартайыпты, әділдігінен айныпты» деп ренжіп бара жатқанын естіп қалады. Сол кезде Төле алдарынан шығып, сәлем береді.

- Оу, ағалар, әкем Әлібектің билігіне ризамысыңдар? –дейді.
- Наразымыз, балам. Әкең әділ билік айтпады.
- Ендеше қайтыңыздар.

Екі жақ Әлібектің алдына қайта келгенде, бала Төле:

- Ата, билікке екі жақ бірдей риза болу керек. Әйтпесе, ол әділ билікке жатпайды. Жеңілген де, жеңген де шындықты мойындау керек, –дейді.

- Олай болса, балам, осы даудың билігін өзің айтып көрші, –дейді әкесі.

Төле даудың мәнісін сұрайды. Сонда дауды бастаған жігіт ботасында жоғалтқан түйесін жолда кезіккен керуеннен танығанын айтады.

- Бұл өтірік айтып тұр, – дейді керуенбасы саудагер.

- Ал, енді, жігітім, «тапқан қуанады, таныған алады» деген, сен қалай таныдың?

- Түйем туар алдында бошалап кетті. Бір жетіге дейін таптырмаған түйем таудың баурайында боздап жүр екен. Ботасын қасқыр жесе, шала туса кетпес пе еді. Содан ботасын біреу алып кеткенін түсіндім. Содан бері бейсауыт жүргіншілерге, көрінген түйеге қарап жүруші едім, бүгін түйені көргеннен таныдым. Төле:

- Сол түйенің енесі бар ма?

- Бар.

Төле қарсы жаққа «сөйле» дейді.

- Мынау өз түйемнің ботасы, тура сөзіңізді айтыңыз.

- Енесі бар ма түйенің?

- Туған енесі бар.

- Екеуің де енелерін алдырыңдар.

Дауласқан түйенің енесін алдырады.

- Атанның тақымына қыл бұрауды салыңдар, –дейді.

Түйенің тақымын қыл бұраумен шыңғыртып бұрағанда, таныған жігіттің түйесі көзінен жас парлап, шыңғырып жатқан түйенің үстінен түседі.

- Оу, халайық, көріп тұрсыңдар, мынау жануар шын анасы екен.

- Ә, саудагерім, мынау хайуан болса да, әділетін халықтың алдында көрсетті. Күнәні мойынға алған жеңіл, шындығыңды айт.

- Оу, халайық, бұдан бес жыл бұрын ботаны алғаным рас. Кешсеңдер де, бас кешсеңдер де өздерің біліндер.

- Төрелігін бидің өзі айтсын, –дейді жұрт.

Бала Төле:

- Өздеріңіз көріп, біліп тұрсыздар. Саудагердің халық алдында масқарасы шықты. Бұдан артық жаза жоқ, – дейді.

Жақша

<p>1) Сөйлемдегі негізгі ойды немесе бір сөйлем мүшесін айқындап, дәлелдеп, қосымша түсінік беру үшін қолданылатын қыстырма мәнді сөз, сөз тіркесі не сөйлем жақшаға алынады. Оның сөйлемнің басқа тыныс белгісіне қатысы жоқ.</p> <p>2) Драмалық шығармаларда кейіпкердің жүріс-тұрысын, іс-әрекет, көңіл күйін білдіретін автордың қосымша түсініктемелерін көрсететін сөздер, сөйлемдер жақшаға алынады.</p> <p>3) Алынған сөйлем, дәйексөз-дің және мысал қайдан, кімдікі екенін көрсету үшін, оның соңынан жазылған кітаптың аты, авторы т.б. жақшаға алынады.</p> <p>4) Белгілі бір сөздерді түсіндіру үшін оның аудармасы, си-нонимі т.б. беріледі де, жақшаға алынып жазылады.</p>	<p><i>Жаз шыға бәріміз(әпкелерімді айтам) апам есіп берген жіпті алып тоғайға отынға аттанатынбыз. Елден келген азаматтарға бас-көз болып, олар да мені жан тартып (Құмырайдан басқасы), үйірсектеп жүргендіктен, бар жауапкершілік маған түскен (О.Бөкей).</i></p> <p><i>Нәзипа(кеудесіне басын қойып). Өкінейін бе? Солай ма? Мен дұрыс жасадым ба? Айтыңызшы ақиқатын?</i></p> <p><i>«Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті деп едік ... Бірақ ол мұның да қызығын ерте тояттап, ескірген ел даналығын көп ұзамай-ақ өзіне мұра санаудан қалған сияқты» (Қ.Жұбанов. қазақ тілі жөніндегі зеттеулер. Алматы. «Ғылым» баспасы, 1966, 296-бет).</i></p> <p><i>1900 жылдың желтоқсанында шетелге «Искра» («Ұшқын»)газетінің бірінші нөмірі шықты.</i></p>
--	---

<p>5) Мәселенің талас я күдікті екенін көрсетіп, оқушының назарын аудару үшін, біреуден келтірілген дәйексөздің ішіндегі жеке сөздерге не сөйлемге қойылатын леп, сұрау белгілері жақшаға алынады. (Сұрау белгісі тақырыбын қараңыз)</p>	<p>Мұнда аудармашы сөзге сөз тауып, сан жағын ғана сақтаған: ломберный стол – төрт таған стол(?), салфетка – орамал, образ – сурет(?), выражение – болғандықтан, устремленных – телмендей, в больших – бадана, страстная – еміне. (Ә.Нұрпейісов «Анна Каренинаның» аудармасы).</p>
--	--

1-жаттығу. *Жақшаның қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Кәне, сабыр ет. Мен сенің жаныңда әлі ұзақ отырамын. (Көзімнің қырымен оң қолға қарадым. Тағы бір әрекетке дайындалып жатқандай керует астында біз қайырып қойған жерде қимылсыз жатыр.) Сабыр ет, білдің бе?.. Ертең жазылып шыққаннан кейін бізді туған күніңе шақырасың. Туған күнің қашан? Сентябрь! Сентябрь айы жемістің піскен шағы. Біз сенің туған күніңде мас болғанша лимонад ішеміз. (Алманың түрінен көгерген түс кете бастады.) Тұра тұр, терлеп кеттің. Сүртейін... Мінеки, осылай. Әлде мен саған ертең айтып берейін бе? (Алма болмашы жымыды.) Қалайсың?

Дәл осы кезде (әлі есімнен кетпейді) аза бойды қаза қылып, ауыл жақтан аңырап, дауыс қылған әйел үні қабат шықпасы бар ма?! «Өзін-өзі (япыр-ау) өлтіріп тынатынына (ұйып қалған шекемді ұстадым) кепіл боламын...» (Мен екем ғой өлтірген... Мен ғой...) (Т.Ә.)

2-жаттығу. *Туісті тыныс белгісінін қойыңыздар.*

а) Қандай сый тартсам екен, аға, саған,
Білмеймін, жараспай ма, жараса ма?!
Ешбір сый таба алмасам, аға, саған
Аппақ тонын – атамның тәбәрігін,
Жүзге кел деп арқаңа жаба салам.

Сын сағаттың кезеңінде өмір, өлім арбасқан,
Екеумізге бір хат келді ауылдағы Қарғаштан.
Көршіміздің Қарғаш дейтін жалғыз қызы бар еді,
Біз майданға аттанғанда ол бір сәби бала еді (М.М.)

Сөйтіп менің Лаураны ең алғаш шіркеуде көріп, одан соң жиырма бір жыл бойы жыр арнаған Петрарақаға да ұқсағым келді. Айтпақшы бүгін түсте менің де сені алғаш көргеніме жиырма бір жылға қарай аяқ басады(Ә.Н.)

ә) Ғалымдардың айтуынша, ғалам кеңістігіндегі ой жетпес алыс галактикаларда «қара тесіктер» «черные дыры» болады екен. Әлдебір қылмысқа қара күш пе, рухани ма – бәрібір батыл қадам жасасаң болды, әрі қарай өзінен-өзі майға түскен пышақтай жылжып кете береді екен. Үйге кірдім. Тағы бір есік. Орта үйдің есігі. Біздің үйде не көп, есік көп. Бұрынғы кеңсенің есіктері (Т.Ә.) Қазір елде сіздің құрметіңізге қойылған Бауыржан

есімді балалар көп соларға қандай тілек айтар едіңіз? Мен бұл сұраққа Бауыржан: Олардың бәрі бірдей батыр болмай-ақ қойсын, бірақ тегіс патриот болсын деп, бір-ақ ауыз сөзбен жауап беретін болар деп ойлағанмын (Ә.Н.) Бұрынғы курстарда да сабаққа ықылас қойып жақсы оқитын Шоқан, кластық гимнастикаларға еріншектеніп, көбіне бармай жүретін еді де, спорттың екі түрінен қалмайтын еді: бірі – жаз айларында, бос уақыттарын салт атқа мініп, бет алған жағына көбінесе дала мен орман арасына қыдыру; екіншісі – қыс айларын Сібірде мұзы қатқан Ертіс үстінде коньки тебуге, бірде қар бетінде шаңғымен сырғанауға арнау(С.М.)

Тапсырма. *Драмалық шығармалардағы жақшаның қолданысына мысал жазыңыздар.*

Мәтінмен жұмыс

Мәтінді оқи отырып, «Татулықта табыс мол» тақырыбында ой қозғаңыз.

Қазыбек би

Қазыбектің ағайындары –Бертіс би мен Тілеуке би мұның ел ішіндегі абыройын көре алмай, жастарының үлкендігіне сүйеніп, оны бір күн шақырып алады. Әуелі Бертіс би:

Ақыл елден артылған,
Ақылың болса, мақтан.
Ынтымағы жұрттан асқан,
Жақының болса, мақтан.
Сенің жасың кіші ғой,
Ағаңның алдына шығудан сақтан! –деп ескертеді.
Қазыбек оларға:
Бір бала бар –
Атаға жете туады.
Бір бала бар –
Атадан өте туады.
Бір бала бар –
Кері кете туады! –деп, жауап береді.

Мұның айтқанын ана екеуі кек тұтып, күні бұрын дайындап қойған адамдарына белгі береді. Бұзықтар Қазыбектің үстіне шекпен жауып, сабамаққа айналады. Сол кезде аттың дүбірі естіледі. Бұл келген Қазыбектің кенже інісі Бөдене батыр екен. Ағайындарының ағасын оңаша шақыруынан қауіптеніп, асығып жеткен беті осы еді.

Қазыбек інісін тоқтатып:

- Шырағым, бір қолың ұрысшы болса, екінші қолың арашасы болсын. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос. Жауға сілтер қаруыңды еш уақытта жақыныңа сілтеме! – депті.

Айнала жиналған халықтың алдына шығып, сонда Қазыбек былай дейді:
Өркенім өссін десең,

Кекшіл болма –
 Кесапаты тиер еліңе.
 Елім өссін десең,
 Өршіл болма –
 Өскенінді өшірерсің.
 Басына іс түскен пақырға
 Қастық қылма –
 Қайғысы көшер басыңа.
 Жанашыры жоқ жарлыға
 Жәрдемші бол асыға.
 Қиын-қыстау күндерде
 Өзі келер қасыңа.
 Бүгін сағы сынды деп,
 Жақыныңды басынба!

Тырнақша

Мағынаға байланысты қойылатын белгінің бірі – *тырнақша*. Тырнақша мынадай жағдайларда қойылады.

<p>а) Дәйексөз тырнақшаға алынады.</p>	<p><i>Бұл жөнінде М.Горькийдің әр заманда, әр ортада ескі ертегінің жаңғырып, өскелеңдеп, өзгеріп отыратыны турасында айтқан пікірін еске аламыз: «Ой мәдениеті мен халық шығармасын өсіруде көне ертегілерді әр жыныстың, ұлттың, таптың өзгертіп, қосымша жасап қолданудың рөлі өзгеше болғанына күдіктенуге болар ма екен» (М.Әуезов).</i></p>
<p>ә) Шығарманың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады.</p>	<p><i>Екі қыз бұл хабарға қуанышты жүргенде, қысқаша жазылған хат та келіп қалды: «Бұл хатты партиялық билетімді қалтама салып алып жазып отырмын, – деп жазыпты ол, – жеке ісіме жазылатын сөгісім бар, оны ісіммен алдыруға сенем...» (С.Мұқанов).</i></p>
<p>б) Объект етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер не сөз тізбектері, сондай-ақ әріптер, буындар тырнақ-</p>	<p><i>«Қалауын тапса, қар жанады» деген мақал – үлкен философия</i></p>

<p>шаға алынады.</p> <p>г) Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшамен жазылады.</p> <p>ғ) Кекету, ажуалау және кері мағынада қолдану үшін айтылған сөз (не сөздер) тырнақшаға алынады.</p> <p>д) Зауыт, фабрика, комбинат, трест, шаруашылық, ұйым, машина маркасы, ұшақ т.б. қойылған аттар тырнақшаға алынады. Ал олардың ресми атаулары тырнақшаға алынбайды.</p> <p>е) Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады</p> <p>ж) Кейбір ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады.</p>	<p><i>(Ғ.Мұстафин).</i></p> <p><i>Бірғызбайдың осындай көпшілігі бас қосқан кеңесінде Зере сөйледі.</i> <i>– Бірі дарақы мақтаншақ, бірі ұрдажық, даңғой атанғанда, осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылам деп, сондай атақ алатын! – деді. Соңғы айтқан «мылжың», «мақтаншақ», «даңғой» дегендері осы арада шынымен төрт көзі түгел отыр еді (М.Әуезов).</i></p> <p><i>Ақ көңіл Ақаң «баланың» сырғытпасын сезген жоқ (Ғ.Мұстафин). Қоян «батыр» қорыққанынан зыта жөнелді (Ертегіден).</i></p> <p><i>«Азовсталь» зауыты, ал Алматыдағы ауыр машина жасайтын зауыт; «Донбасс» көмір комбайны, «Ертіс» параходы, «У-2» ұшағы, «Қазақ тілі» қоғамы.</i></p> <p><i>«Ана тілі» газеті, «Парасат» журналы, «Абай» романы, «Шаттық» симфониясы, «Топайкөк» әні.</i></p> <p><i>«Қол ұстату», «шап сипату» деген атақты ырымдар осы. Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі «ұрын бару» болса, Абай содан асты (М.Әуезов).</i></p>
--	---

1-жаттығу. *Тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріңіздер.*

Кей қоныста бірді-екілі күн отырар-отырмастан кетеді: үлкен үйлер тігілмей – «ұранқай», «абылайша», «жаппа», «итарқа» деген неше түрлі кішкене, тар, аласа күркелер тігіледі. Жалпақ ел, бар ауылдар осы жайлауға көшу сапарында балалардың «ауыл-ауыл», «күрке-күрке» деген ойынын ойнап жүрген сияқтанады.

Ондайлармен Ырғызбай іші бірен-сарандап құда, жекжат боп алып та, «ұзын арқау, кең тұсау» жасайды.

Мұның бәрі аға сұлтан сапарының «олжа мен сыйдан қоюланып келе жатқанына» айғақ еді. Құлыншақтың «бес қасқа» деп атанған, бес мықты ұлы болатын. Бұл «қасқа» десе дегендей, еңгезердей екен. Асылбекті Абай көптен бері «Асыл аға» дейтін. «Арман!» деген аты бар, орны толмас бір жара. «Орамал тастамақ», «Хан жақсы ма», «Мыршым», «Белбеу соқ», «Ләппай тутәлә» сияқты күлдіргі ойындар да тегіс ойналды. Бірақ «білдім» дегенімен, айыпкерінің атын атаған жоқ. Өзге Құнанбай атаулының бұл сағаттардағы «сағым сынды», «бағыма нұқсан келді» деген беймаза байбаламын Абай түсінсе де, өз бойына дарытпаған.

- Сен осы сайда саны, құмда ізі жоқ қайдағы бір күнсыздарды «ел», «жұрт», «көп» дегенді қашан қоясың?

- Ешқашанда қоймаймын, өйткені «қалың елім, қазағым, халқым» дегенім – сол жоқ-жітік, сол – көпшілік.

2-жаттығу. *Тыныс белгісін қойыңыздар.*

Бірен-саран Еңлік-Кебек, Медғат-Қасым, Қозы Көрпеш сияқты өлеңдерді Абай да күндіз тағы бір тыңдап өткен. Бұлар ғана емес, Абайдың өзі де оның қағазға сызған үлкен-кішілі ою, кесте нақыстарын, гүлдерін, шеберлеп қиыстырған кошқар мүйіздерін, үшкілдерін, қазтабан, қарлығаш қанатшасын қызық көріп, көп үңіліп қарайтын. Адам туралы ырзалық пен мырзалық сөз, мақтау сөз әсте аузынан шықпайтын Есентай бұл топтың алдындағы бесеу-алтауды батырлар, азаматтар деп әдейі даурыға мақтап қалды! Оларды бүгін осы өңірдегі ең жақсы, ең қадірлі, ең тамаша өжет жандар деп көпшік қойғаны алдаусыратып, қолтықтап дем бергені болатын. (М.Ә.) Жас кезінде әкемді әйелдер жағы Молда бала дейді екен, кейін Ұста бала дейтін болыпты. Ал әжем оны Қара қатпа деуші еді. Ел жаманшылық жылы немесе жылан жылы, ашаршылық жылы деп атаған сонау он жеті-он сегізінші жылдардың ауыртпалығы есімде қалып қойыпты. Көкпар деген жалғыз сөз топ ішін кезіп, әркімді елеңдетіп бітіп еді. Сол кездерде біздің ауылда сұйық тамақты да екеуара, үшеуара табақтасып, бір қасықпен ішетін әдет бар еді. Быламықтың түрі де көп болатын. Ең сұйығын атала, күбіге ашытса ашытылған быламық, айран қатса ақ быламық, сүтке пісірсе, сүт быламық, тек суға пісірсе қара быламық, оған құрт езіп қатса, құрт быламық, май салса майлы быламық деуші еді. (Б.Момышұлы)

3-жаттығу. *Өлең жолынан үзінділерді мағынасын түсіне оқыңыздар.Тырнақшаның қойылу себебін дәлелдеңіздер.*

Адал едім,
Артынан «арам» болдым,
Адам едім,
Ақыры «надан» болдым (М.М.)

Жарығым-ай!
Тұман торлап жүзінді қалды ма-ай!
Деуші еді ғой: «жалғыздың жары құдай»,
Неге таси береді қаным ұдай?!

Боламын деп «жалын жүрек, от кеуде»,
Бола алмай, қуыс кеуде боп өстім.

Бір шартым бар «батырға» қоятұғын,
Жамыраспа, бет алды, шуылдаспа.
Басын тартпас, «батыр» ғой несі кетсін,
Басын тартса, сөз басқа, есі кетсін.

...Шешем менің еңкейіп бара жатыр,
Қай күні келер екен нала «батыр».
Жел маған сыбырлайды аят оқып:
«Бір күні айырыласың, қара да тұр»(М.М.)

4-жаттығу. *Тыныс белгісінін қойыңыздар.*

Тегінде, өзгелердің ой-пікірін жүзіне қарап, осылайша оқи алмаған жандар бақытты шығар. Адам үшін ең қиын нәрсе не? Бұл сауалға сонау көне заманның ақыл-ой алыптарының бірі Фалес: Өзін-өзі танып білу, – деп жауап беріпті. Өмірдегі ең оңай іс не? – деген достарының сауалына данышпан : Басқа біреуге кеңес беру, – деген екен. Әлдеқашан-ақ өмірге өзіндік көзқарасы қалыптасып, болары болып, бояуы сіңіп қалған кексе кісілерді үгіттеп, операцияға көндіруден қиын іс жоқ па деп қалдым. Әйтеуір есімді жиғалы бері көңілге демеу қылғаным: Тірі қаппын ғой деген жалғыз ой болды. Балконнан төмен қарап жұртқа: Ей, азаматтар! Сендер бақыттысыңдар! Соған қуаныңдар! Бір-бірінді құттықтандар! Адамдарға шұғадай шуақ шашуды Күннен үйреніңдер! дегім келді. Біздің заманымыздан бұрын жазылған алғашқы кітаптардың бірі – Авестада ежелгі түркілерді – Тур десе, көне грек ғұламалары – Скиф, Шахнамеде –Тұран тұрғындары, қытай шежірелерінде – Тукиу, ал парсыларда – Сах, Массах, Сахстан деп атаған. Зеңбірек тағы да гүрс ете қалды, оның Газ-69 -дың доңғалағы сияқты қос дөңгелегі секіріп барып орнына түсті. Осында келген ең негізгі жұмысым солдай-ақ мен тұра қалып, оларды шетінен оқи бастадым: КазТАГ, Советтік Қазақстан, Советский Казахстан, Жас ұлан (Ә.Н.) Тал бойында жастықтың оты жалындап, талаптың аты арындап тұрған Мұхтар өз кезінің мұншалық мағыналы, мерейлі, мәрт тартыстағдырынан сырт қала алмады, басымен сүңгіп араласты да кетті.(З.Қ.)

5-жаттығу. *Хатта не жайлы айтылған? Не себепті тырнақша қойылып тұр? Дәлелдеңіз.*

«Ардақты Мұхтар аға!»

Жазған хатыңызды алып, өте шабыттанып, төбем көкке, қолым қияға жеткендей болып отырмын. Хатыңызға көп рақмет. Мені әсіресе, қуантқан жай – Сіз менің хатымды алып, менің жаманды-жақсылы пікіріме толық түсінгенге ұқсайсыз: Отан соғысын тақырыпқа алып еңбек етемін. Ол еңбекті ат үстінен емес, әбден терең мағына-мазмұнына төселіп, білім алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені өте қуантады. Сіз сияқты қазақ әдебиетінің полковнигі шынында солай істемеуіне де болмайды. Сырттан қарап, көргенге қызығып, терең тексермей, шын-өтірігін араластыра бес-алты күндік өмірі бар шығарма жазу – әдебиет ефрейторлары мен сержанттарының қызметі емес пе? Ал, Сіз, құдайға шүкір, полковниксіз зой. Талабыңыздың орындалуына тілектеспін. Сіздің қолдан шыққан көркем, тарихи еңбек болашақта жалғыз қазақ әдебиеті ғана емес, барлық әдебиеттің ішінде төрден орын алып, жалғыз біз емес, біздің немере-шөберелерімізге үлкен үлгі, насихат дастан болып, бірнеше ғасыр өмір сүретініне кәміл сенемін...

Хатыңызға, талабыңызға бас иіп, сәлем беруші Бауыржан.

18. 8. 1942 жыл.» (Ә.Н.).

6-жаттығу. Хат мазмұнында баяндалған жайттарға сіздің көзқарасыңыз қандай? Осы жайлы құрбыңызбен хат арқылы ой бөлісіп көріңіз

«Бейтаныс құрбым! Жауап жазғаныңызға рақмет. Бәрі де мен күткендей болды. Сіз қалыптасқан тұрақты көзқарастың адамы екенсіз. Болмыс ұшы-қиыры жоқ базар секілді. Әркім сол базардан өзіне керегін ғана алады. қалыптасқан көзқарас бойынша, керек емес заттың керегі жоқ. Бірақ сіз керек емес затты да бір алып көріңізімі. Барлық қызық содан басталады. Бұл – қалыптасқан дағдыны бұзу, жаңалыққа құштарлық. Тіршілік жаңашыл танымның арқасында ғана дамидынына дауыңыз жоқ шығар. Арғы-бергі тарихқа көз жіберген кісі адамзатты бақытты болды деп айта алмас. Жер бетіндегі қырғын соғыстар, аштық, апат, індет, адам баласының бойынан арылмаған қиянат, қайыршылық, ол аз болса, бүгінгі табиғат дерті: бұзылған ауа, уланған су мен топырақ – соның дәлелі. Мұның бәрін былай қойғанда, жеке адамның тағдырын – тіпті мына екеуіміздің тағдырымызды алайықшы. Бақыттымыз ба? Өз басым бақыттымын деп айта алмаймын. Өмірдегі осынша қиянат пен әділетсіздікті көре тұрып және одан құтыла алмасыңды біле тұрып, қайтып бақытты боласың? Сан ғасыр бойына ізгілік пен адалдыққа үмітіңді артсаң да, сол үміт өмір шындығымен бетпе-бет келгенде баланың ойыншығындай быт-шыт болатынын тарих қанша рет дәлелдесе де, ештеңе ұқпайтын нақұрыстай алған бетімізден қайтпаймыз. Соқыр ұстағанынан жазбайды дейді. Бәлкім, бұл – рухани соқырлық болар. Ендеше, біздің санамызға бостандық керек. Ақыл-ойдың азаттығы керек. Оны тоқтатар ешқандай кедергі болуға тиісті емес. Тек рухани шексіз бостандық қана адамзатты бақытты ете алады.

Сәлемнен Бейтаныс құрбыңыз».

7-жаттығу. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңіздер.

Әйтеке би сөздері

1. Атаң қазақ атты түсіне қарап таниды, ерді ісіне қарап таниды.
2. Атасы бас имеген жерге тізе бүккен ерді ер емес, ез деп біледі.
3. Ел ағасы ақымақ болса, елін жау түгіл жолаушы тонар.
4. «Құс жаманы ұясына саңғиды» демекші, ондай ерлер ел басқарса, өз елін жаумен бірге тонаудан шімірікпейді.
5. Ақыл мен мінез бірге туған егіз. Ақыл – тамыр, мінез – жапырақ, жаман мінез – ақылсызға берген жаратқанның жазасы.
6. Жақсы адамның серігі – ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік.
7. Ер жігітке төзім – тірек; сабыр – қамал; ақыл – әл-қуат; ар – абырой; қазына, қанағат – асыл тас; бата – мұра; әдеп – сән; жалған сөз – дерт; ақиқат – ем; үміт – көңіл азығы.
8. Төле би мен Қазыбек би Әйтеке баладан: «Жігіттің жақсысы қандай болады?» – деп сұрапты. Әйтеке: «Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген», – деп жауап беріпті.

Мәтінмен жұмыс

Мәтінді тыныс белгілерін қоя отырып, көшіріп жазыңыздар.

Өнер алды – қызыл тіл

Сөз адам үшін тәрбие құралы білім-білік мәдениет өнер бастауы
Сөйлесе білу өнер Сөйлесу өнері тек тіл қатысу әңгімелесу ғана емес одан
да мәнді маңызды жақтары бар әлем Ол адамның жан дүниесін ашу түсіну
өнері Кім оны жақсы меңгере білсе оған басқа адаммен әсерлі рухани
қатынас жасай білудің көңілге қуаныш ұялататын сәттері де белгілі
Адамның қоғамда өз орнын табуында көпшілік құрметі мен сеніміне ие
болуында орнымен, дәмді дәйекті сөйлей білуі тауып айтатын тапқырлығы
үлкен рөл атқарады
Ұлы ақын Абай сөз өнерін
Өткірдің жүзі
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас деп тамсана бағалайды.
Әрине сөйлей білу үлкен өнер Ол арымай-талмай шешендік сырын
зерттеуді жаттығуды мол білімді ой өрісі мен қиял кеңістігін қажет етеді.
Абай Тіл өнері дертпен тең өз басынан кешкеннен шығарып айтып отыр.
А.Байтұрсынов Бір нәрсе турасында пікірімізді яки қиялымызды яки
көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек сол сөз өнері болады
Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады Өнер алды қызыл тіл деген қазақ
мақалы бар Мұны қазақ сөз баққан сөз күйттеген халық болып сөз қадірін

білгендіктен айтқан Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадірінше сөз өнері атқара алады Қандай сәулетті сарайлар болсын қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сүгіреттеп көрсетуге танытуға болады Бұл өзге өнердің қолынан келмейді дейді. Сөз өнерінің құндылығы жайында Төле бидің

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді

Тауып айтқан сөзге шын жетпейді

Өзің білмесең білгендерден үйрен

Үйренгеннен ештеңең кетпейді

Бидайдың сабағында дән жоқ

Жаманның сөзінде мән жоқ

Ата алмайтын адамға

Қойша жайылған аң жоқ деген сөзі әр сөзді орнына қоя білу тауып айтып тапқырлық көрсету өнерін игеруді нұсқайды.

Тест тапсырмалары (Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері бойынша)

1. Сөйлемге қандай тыныс белгісі қажет?
Кенжеш алдене деп былдырап біресе әкесінің біресе шешесінің тізесіне асылады.
 - а) сұрау белгісі
 - ә) нүктелі үтір
 - б) нүкте
 - в) үтір
2. Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерінің негізгі қызметі:
 - а) сөздердің мағынасын, қызметін даралау
 - ә) сөйлемді тиянақтау
 - б) ойды тұжырымдау
 - в) жетекшілік қызмет
3. Нүктелі үтір негізінен қай сөйлем мүшесіне қатысты қойылады?
 - а) бастауыш
 - ә) баяндауыш
 - б) анықтауыш
 - в) толықтауыш
4. *Адамның жаманы мылжың, жақсысы жомарт.* Жетіспей тұрған тыныс белгісін тап.
 - а) үтір
 - ә) нүктелі үтір
 - б) сызықша
 - в) жақша
5. Автор сөзі төл сөзден бұрын келген жағдайда автор сөзінен кейін қойылатын тыныс белгісі:
 - а) қос нүкте
 - ә) сызықша
 - б) үтір
 - в) ешқандай тыныс белгісі қойылмайды
6. Қандай тыныс белгісі жетіспей тұр? *Есен. Өкінбе! Сен адал дәрігер екеніңді таныттың!.. Нәзипа терезе жақтауына сүйеніп тұрып қалады.*
 - а) нүкте
 - ә) қос нүкте
 - б) сызықша
 - в) жақша
7. *Иә, жобаға келеді, мына «данышпан қыз» дұрыс айтып отыр.* Тырнақшаның қойылу себебін анықта
 - а) ажуа
 - ә) кері мағына
 - б) тура мағына
 - в) басқа біреудің сөзі
8. *Жаны тәттілердің атын аударамыз, қамшы береміз.*

Қандай тыныс белгісі жетіспей тұр?

- а) жақша
- ә) тырнақша
- б) нүкте
- в) көп нүкте

9. Бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қойылатын тыныс белгісі:

- а) сызықша
- ә) қос нүкте
- б) нүкте
- в) көп нүкте

10. Қайталанып келген жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан құрмалас сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгісі:

- а) үтір
- ә) нүкте
- б) нүктелі үтір
- в) көп нүкте

11. Қате қойылған тыныс белгісін тап:

- а) Абай кемеңгерлікке жетудің ізгі жолы мен қиын жолын таңдады.
- ә) Ақыл ісі аңдау.
- б) Қос аққу бізге жақындап қалды.
- в) Сұлу қарағайлар сылаң қағып бой түзеді.

12. Қате қойылған тыныс белгісін тап

- а) Бұл жиында Ызғұтты,, Жақып, Майбасар сияқты үлкендер және балалардан Құдайберді, Абай бар.
- ә) Сен өзің тіпті ірі сөйлейді екенсің ә
- б) Абай да мол құшағын кең ашып, Әбішті құшағына алды.
- в) Әкем жауабы қысқа қайырылды.

13. Қате қойылған тыныс белгісін тап:

- а) Ол кісіге қосылып бұлақ аршуға біз де кірісеміз.
- ә) Адамды адам түсінбеу бір ақырет
- б) Өзен бойын қуарған ағаштардан тазартуда
- в) Ой, айналайындар, шаршап қалған боларсыңдар?

14. Қате қойылған тыныс белгісін тап

- а) Ілініп тұр тауларға, Дамылдап тірлік қалған ба?!
- ә) Ғажайып қой туған жер!
- б) Арманға қол созым қалды.
- в) Жақыныңды жаралама?

15. Қате қойылған тыныс белгісін тап:

- а) Қазақ әдебиеті газетінде ұзақ жылдар қызмет атқарды.
- ә) Біраздан кейін маужырап, басым көпшілігі ұйқыға кетті.
- б) Әуезов басын шайқады.
- в) Сұлу қарағайлар сылаң қағып бой түзеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1998.
2. Атабаева М., Есмағанбетова Ш. Қазақ тілі: әдістемелік нұсқау. – Алматы: «Мектеп», 2005. –88 бет.
3. Әмір Р., Атабаева М. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы : «Мектеп» , 2005. – 240 бет.
4. Байтұрсынов А. Жазу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі. Тіл тағлымы. – Алматы, 1994.
5. Жиенбаев С. Сөйлемнің тыныс белгілері. – Алматы. 1940.
6. Мұсабекова Ф. Тыныс белгілерін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, 1959.
7. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова С.Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005.
8. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996.
9. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000, - 532 б.
10. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы, 2005. –144бет.

Қысқартылған сөздер мен пайдаланылған көркем әдебиеттер

1. А. – А.Құнанбаев. Қара сөз. Поэмалар Алматы: «Ел», 1993.
2. Ә.Н. – Ә.Нұршайықов . Төрт томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, – 1992.
3. Б.М. – Б. Момышұлы Ұшқан ұя. Повесть, әңгіме, нақылдар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 бет.
4. З.Қ. – З. Қабдол. Әуезов. – Алматы: «Санат». 1997, 352 бет.
5. М.Ә. – М.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 1 кітап. – 320 бет.
6. М.Ә. – М.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 2 кітап. – 352 бет.
7. М.Ә. – М.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. 3 кітап. – 320 бет.
8. М.Ә. – М.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. 4 кітап. – 336 бет.
9. М.М. – М.Мақатаев. Шығармаларының төрт томдық толық жинағы. 4-том. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2002. – 432 бет.
10. М.М. – М.Мақатаев. Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. 2-басылым, 1-том. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2006. – 320 бет.
11. М.М. – М.Мақатаев. Аманат: Жыр жинағы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 бет.
12. Н.К. – Н.Келімбетов. Үміт үзгім келмейді: Хикаят-монолог. Эссе – Алматы: Раритет, 2005. –432 бет.
13. С.Е. – С.Ерубаев. Менің құрдастарым. Роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 176 бет.

14. Т.Ә. – Т.Әбдіков. Әке. –Алматы, Атамұра, 2002. –200 бет.
15. Т.Ә. – Т.Әбдіков. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. –Алматы, Атамұра, 2002. –352 бет.